A) $\frac{\sqrt{30}}{6}$; B) $\frac{\sqrt{20}}{6}$; C) $\frac{\sqrt{10}}{6}$; D) $\frac{\sqrt{6}}{6}$.

9. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары 1 см-ге, ал биіктігі 2 см-ге тең. SAB және ABC жазықтықтарының арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар:

A) $\frac{\sqrt{15}}{15}$; B) $\frac{\sqrt{17}}{17}$; C) $\frac{\sqrt{19}}{19}$; D) $\frac{\sqrt{21}}{21}$.

10. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары 1 см-ге, ал биіктігі 2 см-ге тең. SAB және SBC жазықтықтарының арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар:

A) $\frac{1}{11}$; B) $\frac{1}{13}$; C) $\frac{1}{15}$; D) $\frac{1}{17}$.

11. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB = 2$, $AD = 2$, $AA_1 = 1$. DB_1 түзуі мен ABC жазықтығының арасындағы бұрыштың синусын табыңдар:

A) $\frac{1}{3}$; B) $\frac{1}{4}$; C) $\frac{1}{5}$; D) $\frac{1}{6}$.

12. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB = 2$, $AD = 2$, $AA_1 = 1$. DB_1 түзуі мен ABC_1 жазықтығының арасындағы бұрыштың синусын табыңдар:

A) $\frac{\sqrt{5}}{15}$; B) $\frac{2\sqrt{5}}{15}$; C) $\frac{3\sqrt{5}}{15}$; D) $\frac{4\sqrt{5}}{15}$.

13. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB = 2$, $AD = 2$, $AA_1 = 1$. DB_1 түзуі мен ACD_1 жазықтығының арасындағы бұрыштың синусын табыңдар:

A) $\frac{\sqrt{6}}{6}$; B) $\frac{\sqrt{6}}{3}$; C) $\frac{2\sqrt{2}}{3}$; D) $\frac{\sqrt{2}}{3}$.

14. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамида табанының қабырғалары 1 см-ге, ал биіктігі 2 см-ге тең. SA түзуі мен ABC жазықтығының арасындағы бұрыштың синусын табыңдар:

A) $\frac{\sqrt{2}}{6}$; B) $\frac{\sqrt{2}}{3}$; C) $\frac{\sqrt{3}}{6}$; D) $\frac{2\sqrt{2}}{3}$.

15. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамида табанының қабырғалары 1 см, ал биіктігі 2 см-ге тең. SC түзуі мен ABC жазықтығының арасындағы бұрыштың синусын табыңдар:

A) $\frac{\sqrt{5}}{5}$; B) $\frac{2\sqrt{5}}{5}$; C) $\frac{\sqrt{3}}{5}$; D) $\frac{\sqrt{3}}{3}$.

16. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB = 2$, $AD = 2$, $AA_1 = 1$. Оның A_1 төбесінен ABC_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар:

A) $\frac{\sqrt{5}}{5}$; B) $\frac{2\sqrt{5}}{5}$; C) $\frac{\sqrt{3}}{5}$; D) $\frac{\sqrt{3}}{3}$.

17. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB = 2$, $AD = 2$, $AA_1 = 1$. Оның A_1 төбесінен ACD_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар:

A) $\frac{\sqrt{6}}{2}$; B) $\frac{\sqrt{3}}{2}$; C) $\frac{\sqrt{6}}{3}$; D) $\frac{\sqrt{6}}{4}$.

18. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB = 2$, $AD = 2$, $AA_1 = 1$. Оның B_1 төбесінен ACD_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар:

A) $\frac{\sqrt{6}}{2}$; B) $\frac{\sqrt{3}}{2}$; C) $\frac{\sqrt{6}}{3}$; D) $\frac{2\sqrt{6}}{3}$.

19. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары 1 см-ге, ал биіктігі 2 см-ге тең. Пирамида табанының O центрінен SBC жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар:

A) $\frac{2\sqrt{17}}{17}$ см; B) $\frac{\sqrt{17}}{17}$ см; C) $\frac{2\sqrt{15}}{15}$ см; D) $\frac{\sqrt{15}}{15}$ см.

20. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамида табанының қабырғалары 1 см, ал биіктігі 2 см-ге тең. Оның C төбесінен SAB жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар:

A) $\sqrt{\frac{6}{11}}$ см; B) $\sqrt{\frac{6}{13}}$ см; C) $\sqrt{\frac{6}{19}}$ см; D) $\sqrt{\frac{12}{19}}$ см.

III тарау

АЙНАЛУ ДЕНЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

§ 12. Цилиндр және оның элементтері. Цилиндрдің жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары

Кеңістіктегі фигуралардың ішінде көпжақтардан басқа *айналу денелері* деп аталатын фигуралар ерекше орын алады.

Егер $OA' = OA$ және $\angle A'OA = \varphi$ болса, онда жазықтықтағы A' нүктесі A нүктесін O нүктесінен φ бұрышқа айналдыра бұру кезінде пайда болатынын еске салайық (12.1-сурет).



12.1-сурет



12.2-сурет

Кеңістікте a түзуі және осы түзудің бойында жатпайтын A нүктесі берілсін (12.2-сурет). A нүктесі арқылы a түзуіне перпендикуляр α жазықтығын жүргіземіз және a түзуі мен α жазықтығының қиылысу нүктесін O деп белгілейік. Егер α жазықтығында A' нүктесі A нүктесін O нүктесінен айналдыра φ бұрышқа бұру кезінде пайда болса, онда кеңістіктегі A' нүктесі A нүктесін O нүктесінен айналдыра φ бұрышқа бұру арқылы алынды деп айтады.

a түзуінің нүктелері орнында қалып, ал қалған барлық нүктелер осы түзуден айнала бірдей бағытта, белгілі φ бұрышқа бұрылатын кеңістіктегі түрлендіру a түзуінен айналдыра *бұру* немесе *айналу* деп аталады. a түзуі *айналу осі* деп аталады.

Егер кеңістіктегі Φ фигурасының барлық нүктелері F фигурасының нүктелерін a осінен айналдыра бірдей бағытта бұру кезінде пайда болса, онда Φ фигурасы F фигурасының a осінен айналуы арқылы алынды деп айтады. Φ фигурасы *айналу денесі* деп аталады.

Мысалы, a түзуінде жатпайтын A нүктесінің осы түзуді айналуы кезінде центрі O нүктесі болатын шеңбер пайда болады. O нүктесі — A нүктесі арқылы өтетін және a түзуіне перпендикуляр жазықтықтың осы a түзуімен қиылысу нүктесі болады (12.3-сурет).



12.3-сурет



12.4-сурет



12.5-сурет



12.6-сурет

Кесіндінің оған перпендикуляр және оның бір ұшы арқылы өтетін түзуді айналуы кезінде радиусы осы кесіндіге тең дөңгелек пайда болады (12.4-сурет).

Цилиндр деп тіктөртбұрышты оның бір қабырғасы жатқан түзуден айналдырғанда алынған фигураны (денені) айтады.

12.5-суретте AOO_1B тіктөртбұрышын OO_1 қабырғасы жатқан a түзуінен айналдырғанда шыққан цилиндр кескінделген. Тіктөртбұрыштың OO_1 қабырғасы *цилиндрдің осі* деп аталады.

Тіктөртбұрыштың OO_1 қабырғасына перпендикуляр болатын OA және O_1B қабырғаларының айналуы кезінде алынған дөңгелектер *цилиндрдің табандары,* ал олардың радиусы *цилиндрдің радиусы* деп аталады.

Тіктөртбұрыштың OO_1 қабырғасына параллель болатын AB қабырғасының айналуы кезінде алынған бет *цилиндрдің бүйір беті* деп аталады.

Цилиндрдің толық беті табандары мен бүйір бетінен тұрады.

Тіктөртбұрыштың OO_1 қабырғасына параллель болатын AB қабырғасының айналуы кезінде алынатын кесінділер *цилиндрдің жасаушысы* деп аталады.

Цилиндрдің табан жазықтықтарының арақашықтығын *цилиндрдің биіктігі* деп атайды.

Цилиндрдің биіктігі оның осіне және жасаушысының ұзындығына тең болатынын дәлелдеңдер.

Цилиндрдің осі арқылы өтетін жазықтықпен қимасы *цилиндрдің осьтік қимасы* деп аталады (12.6-сурет).

Цилиндрдің осьтік қимасы тіктөртбұрыш болатынын дәлелдеңдер.

Цилиндрді осы тіктөртбұрышты оның қарама-қарсы екі қабырғасының орталары арқылы өтетін түзуден айналдыру арқылы алуға болады.

Цилиндрді тіктөртбұрыштан басқа жазық фигураларды айналдыру арқылы алуға бола ма?



12.7-сурет

Егер цилиндрдің бүйір бетін жасаушысы бойымен кесіп жазықтыққа жазатын болсақ және оған табандарын қоссақ, онда *цилиндрдің жазбасы* деп аталатын фигура пайда болады (12.7-сурет).

Цилиндрдің толық бетінің немесе *бетінің ауданы* деп оның жазбасының ауданын айтады.

Цилиндрдің бүйір бетінің ауданы деп оның бүйір бетінің жазбасының ауданын айтады.

Цилиндрдің бүйір бетінің ауданы табан шеңберінің ұзындығын оның биіктігіне көбейткенге тең болады, яғни мынадай формуламен есептеледі:

$$S_{\text{бүйір}} = 2\pi Rh.$$

мұндағы R — цилиндрдің табанының радиусы, h — биіктігі.

Цилиндрдің толық бетінің ауданы оның бүйір беті мен екі табанының аудандарының қосындысына тең болады, яғни мынадай формуламен есептеледі:

$$S_{\text{толық}} = 2\pi Rh + 2\pi R^2 = 2\pi R(h + R).$$

мұндағы R — цилиндрдің табанының радиусы, h — биіктігі.

Көлбеу цилиндр ұғымын анықтап көріңдер.

Сұрақтар

1. Кеңістіктегі қандай түрлендіру түзуден айналдыра бұру деп аталады?
2. Қандай фигура айналу фигурасы деп аталады?
3. Қандай фигура цилиндр деп аталады?
4. Цилиндрдің осі дегеніміз не?
5. Цилиндрдің табандары дегеніміз не?
6. Қандай фигура цилиндрдің бүйір беті деп аталады?
7. Қандай кесінділер цилиндрдің жасаушылары деп аталады?
8. Цилиндрдің биіктігі дегеніміз не?
9. Цилиндрдің осьтік қимасы дегеніміз не?
10. Цилиндрдің жазбасы дегеніміз не?
11. Цилиндрдің бетінің ауданы дегеніміз не?
12. Цилиндрдің бүйір бетінің ауданы дегеніміз не?
13. Цилиндрдің бүйір бетінің ауданын табу формуласын жазыңдар.
14. Цилиндрдің толық бетінің ауданын табу формуласын жазыңдар.

Есептер

А

12.1. Торкөз қағазға 12.8-суреттегіге ұқсас цилиндрді салыңдар. Цилиндрдің осьтік қимасын кескіндеңдер.



12.8-сурет



12.9-сурет

12.2. Цилиндрдің қанша жасаушысы болады?

12.3. Цилиндрдің табандарына параллель жазықтықпен қимасы қандай фигура болады?

12.4. Тіктөртбұрышты оның қарама-қарсы жатқан екі қабырғасының орталары арқылы өтетін түзуден айналдырғанда қандай фигура пайда болады (12.9-сурет)?

12.5. AB кесіндісін осы кесіндімен бір жазықтықта жатқан, ортақ нүктелері болмайтын және оған перпендикуляр түзуден айналдырғанда қандай фигура пайда болады (12.10-сурет)?



12.10-сурет

12.6. Цилиндрдің биіктігі 3 см-ге, ал табанының радиусы 2 см-ге тең. Оның осьтік қимасының диагоналін табыңдар.

12.7. Цилиндрдің бүйір бетінің жазбасы — қабырғасы 1 см-ге тең квадрат. Цилиндрдің табанының радиусын табыңдар.

12.8. Цилиндрдің табанының радиусы 1 см-ге, ал жасаушысы 2 см-ге тең. Оның: 1) бүйір бетінің; 2) толық бетінің ауданын табыңдар.

B

12.9. Торкөз қағазға 12.8-суреттегіге ұқсас цилиндрді салыңдар. Осы цилиндрдің табандарына параллель жазықтықпен қимасын кескіндеңдер.

12.10. Торкөз қағазға 12.8-суреттегіге ұқсас цилиндрді салыңдар. Осы цилиндрдің осіне параллель жазықтықпен қимасын кескіндеңдер. Ол қандай фигура болады?

12.11. Цилиндрдің: 1) симметрия центрі; 2) симметрия осі; 3) симметрия жазықтығы бола ма?

12.12. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубын: 1) AA_1 түзуінен; 2) қарама-қарсы жақтарының центрлерін қосатын түзуден айналдырғанда қандай фигура пайда болады (12.11-сурет)?



12.11-сурет



12.12-сурет

12.13. Бірлік кубты: 1) AA_1 түзуінен; 2) қарама-қарсы жақтарының центрлерін қосатын түзуден айналдырғанда пайда болған цилиндрдің бүйір бетінің ауданын табыңдар.

12.14. Дұрыс үшбұрышты призманы оның: 1) бүйір қыры жатқан түзуден; 2) табандарының центрлері арқылы өтетін түзуден айналдырғанда қандай фигура пайда болады (12.12-сурет)?

12.15. Дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. Осы призманы оның: 1) бүйір қыры жатқан түзуден; 2) табандарының центрлері арқылы өтетін түзуден айналдырғанда пайда болған цилиндрдің бүйір бетінің ауданын табыңдар (12.12-сурет).

12.16. Дұрыс алтыбұрышты призманы оның: 1) бүйір қыры жатқан түзуден; 2) табандарының центрлері арқылы өтетін түзуден айналдырғанда қандай фигура пайда болады (12.13-сурет)?



12.13-сурет



12.14-сурет

12.17. Дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. Осы призманы оның: 1) бүйір қыры жатқан түзуден; 2) табандарының центрлері арқылы өтетін түзуден айналдырғанда пайда болған цилиндрдің бүйір бетінің ауданын табыңдар (12.13-сурет).

12.18. Киіз үй — көшпенділердің ежелден келе жатқан тұрғын үйі (12.14-сурет). Биіктігі 2 м, ал диаметрі 5 м болатын киіз үйдің керегесінің бетінің ауданын табыңдар.

C

12.19. Цилиндрдің биіктігі 8 дм-ге, ал табанының радиусы 5 дм-ге тең. Оның осіне параллель жазықтықпен қимасы — квадрат (12.15-сурет). Цилиндрдің осінен осы қимаға дейінгі қашықтықты табыңдар.



12.15-сурет



12.16-сурет

12.20. 12.16-суреттегі көршілес қабырғалары тік бұрыш жасайтын *ABCDEF* көпбұрышын *AF* түзуінен айналдырғанда қандай фигура пайда болады? Осы фигураның бетінің ауданын табыңдар.



12.17-сурет



12.18-сурет

12.21. 12.17-суреттегі көршілес қабырғалары тік бұрыш жасайтын *ABCDEFGH* көпбұрышын *AB* түзуінен айналдырғанда қандай фигура пайда болады? Осы фигураның бетінің ауданын табыңдар.

12.22. 12.18-суреттегі *ABCD* тіктөртбұрышын оның қабырғасына параллель *a* түзуінен айналдырғанда қандай фигура пайда болады? Осы фигураның бетінің ауданын табыңдар.

12.23. 12.19-суреттегі барлық екіжақты бұрыштары тік болатын көпжақты



12.19-сурет



12.20-сурет

AA_2 түзуінен айналдырғанда қандай фигура пайда болады? Осы фигураның бетінің ауданын табыңдар.

12.24. Цилиндрдің табанының радиусы 2 см-ге, ал жасаушысы 3 см-ге тең. Оның осьтік қимасының A төбесінен оған қарсы жатқан B төбесіне дейінгі бүйір беті бойымен ең қысқа қашықтықты табыңдар (12.20-сурет).

12.25. Табанындағы шеңбердің ұзындығы 24 см болатын цилиндр тәрiздес құтының ішкі қабырғасында жоғарғы ернеуінен 2,5 см жерде бір тамшы бал жабысып тұр, ал оған диаметрлік қарама-қарсы сыртқы қабырғасында шыбын отыр (12.21-сурет). Шыбын балға дейін жылжып бара алатындай ең қысқа жолдың ұзындығын табыңдар.



12.21-сурет



12.22-сурет

12.26. 12.22-суреттегі 90° бұрыш жасайтын цилиндрлердің екі тең бөлігінен тұратын фигураның бетінің ауданын табыңдар.

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

12.27. Теңбүйірлі үшбұрыштың және дөңгелек сектордың анықтамаларын қайталаңдар.

§ 13. Конус және оның элементтері. Конустың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары

Конус деп тікбұрышты үшбұрышты оның бір катеті жатқан түзуден айналдыру арқылы алынған фигураны (денені) айтады.

Бізге ABO тікбұрышты үшбұрышы берілсін (13.1-сурет). Егер осы тікбұрышты үшбұрышты оның AO катеті арқылы өтетін a түзуінен айналдырсақ, нәтижесінде айналу денесі — конусты аламыз. Тікбұрышты үшбұрыштың AO катеті *конустың осі* деп аталады.



13.1-сурет



13.2-сурет

AO катетіне перпендикуляр болатын тікбұрышты үшбұрыштың BO қабырғасының айналуы кезінде алынған дөңгелек *конустың табаны*, ал оның радиусы *конустың радиусы* деп аталады.

Тікбұрышты үшбұрыштың AB гипотенузасының айналуы кезінде пайда болатын бет *конустың бүйір беті* деп аталады.

Конустың толық беті табаны мен бүйір бетінен тұрады.

Тікбұрышты үшбұрыштың AB гипотенузасының AO катетінен айналуы кезінде алынатын кесінділер *конустың жасаушысы* деп аталады.

Конустың осі арқылы өтетін жазықтықпен қимасы *конустың осьтік қимасы* деп аталады (13.2-сурет).

Конустың осьтік қимасы — теңбүйірлі үшбұрыш, оның табаны конустың табанының диаметрі болатынын дәлелдеңдер.

Конусты осы теңбүйірлі үшбұрышты табанына түсірілген биіктігі жататын түзуден айналдыру арқылы алуға болады. Теңбүйірлі үшбұрыштың табанына қарсы жатқан төбесі *конустың төбесі* деп аталады.

Конустың төбесінен оның табан жазықтығына түсірілген перпендикулярдың ұзындығы *конустың биіктігі* деп аталады.

Қалай ойлайсыңдар, конусты тікбұрышты емес және теңбүйірлі емес үшбұрышты айналдыру арқылы алуға бола ма?

Егер конустың бүйір бетін жасаушысы бойымен кесіп жазықтыққа жазатын болсақ және оған табанын қоссақ, онда *конустың жазбасы* деп аталатын фигура пайда болады (13.3-сурет).



13.3-сурет

Конустың толық бетінің ауданы деп оның жазбасының ауданын айтады.

Конустың бүйір бетінің ауданы деп оның бүйір бетінің жазбасының ауданын айтады.

Конустың бүйір бетінің ауданы оның табанындағы шеңберінің ұзындығы мен жасаушысының көбейтіндісінің жартысына тең болады, яғни мынадай формуламен анықталады:

$$S_{\text{бүйір}} = \pi Rl.$$

мұндағы R — конустың табанының радиусы, l — жасаушысы.

Конустың толық бетінің ауданы оның бүйір беті мен табанының аудандарының қосындысына тең болады, яғни мынадай формуламен есептеледі:

$$S_{\text{толық}} = \pi Rl + \pi R^2 = \pi R(l + R).$$

мұндағы R — конустың табанының радиусы, l — жасаушысы.

Сұрақтар

1. Қандай фигура конус деп аталады?
2. Конустың осі дегеніміз не?
3. Конустың табаны дегеніміз не?
4. Қандай фигура конустың бүйір беті деп аталады?
5. Қандай кесінділер конустың жасаушылары деп аталады?
6. Конустың осьтік қимасы дегеніміз не?
7. Конустың төбесі дегеніміз не?
8. Конустың биіктігі дегеніміз не?
9. Қандай фигура конустың жазбасы деп аталады?
10. Конустың бетінің ауданы дегеніміз не?
11. Конустың бүйір бетінің ауданы дегеніміз не?
12. Конустың бүйір бетінің ауданын табу формуласын жазыңдар.
13. Конустың толық бетінің ауданын табу формуласын жазыңдар.

Есептер



13.4-сурет

A

13.1. Торкөз қағазға 13.4-суреттегіге ұқсас конусты салыңдар. Конустың осьтік қимасын кескіндеңдер.

13.2. Конустың қанша жасаушысы болады?

13.3. Конустың табанына параллель жазықтықпен қимасы қандай фигура болады?

13.4. Теңбүйірлі үшбұрышты оның табанына түсірілген биіктігі жататын түзуден айналдырғанда қандай фигура пайда болады (13.5-сурет)?



13.5-сурет

13.6-сурет



13.7-сурет

13.5. AC кесіндісін C нүктесі арқылы өтетін және оған перпендикуляр емес түзуден айналдырғанда қандай фигура пайда болады (13.6-сурет)?

13.6. Конустың табанының радиусы 3 см-ге, ал биіктігі 4 см-ге тең. Конустың жасаушысын табыңдар.

13.7. Конустың осьтік қимасы — қабырғасы 10 см болатын теңқабырғалы үшбұрыш. Конустың: 1) табанының радиусын; 2) биіктігін табыңдар.

13.8. Конустың жасаушысы 2 см-ге тең және ол табан жазықтығына 30° бұрыш жасап көлбейді. Конустың биіктігін табыңдар.

13.9. Конустың жасаушысы 2 см-ге тең және ол табан жазықтығына 60° бұрыш жасап көлбейді. Конустың табанының радиусын табыңдар.

13.10. Конустың табанының радиусы 1 см-ге, ал жасаушысы 2 см-ге тең. Конустың бетінің ауданын табыңдар.

13.11. 13.7-суреттегі дөңгелектің бөлігі конустың бүйір бетінің жазбасы бола ма?

B

13.12. Торкөз қағазға 13.4-суреттегіге ұқсас конусты салыңдар. Осы конустың осіне параллель жазықтықпен қимасын кескіндеңдер.

13.13. Конустың табанының радиусы 1 см-ге тең. Конустың биіктігінің ортасы арқылы өтетін және табан жазықтығына параллель жазықтықпен қимасының ауданын табыңдар.

13.14. Цилиндрдің табанының радиусы 1 см-ге, ал жасаушысы 2 см-ге тең. Табаны цилиндрдің бір табаны, ал төбесі цилиндрдің екінші табанының центрі болатын конустың бүйір бетінің ауданын табыңдар (13.8-сурет).



13.8-сурет

13.15. Конустың: 1) симметрия центрі; 2) симметрия осі; 3) симметрия жазықтығы бола ма?

13.16. Сүйірбұрышты теңбүйірлі емес үшбұрышты оның биіктігі жататын түзуден айналдырғанда қандай фигура пайда болады (13.9-сурет)?



13.9-сурет



13.10-сурет



13.11-сурет

13.17. Тікбұрышты үшбұрышты оның гипотенузасы жататын түзуден айналдырғанда қандай фигура пайда болады (13.10-сурет)?

13.18. Бірлік квадратты оның диагоналі жататын түзуден айналдырғанда қандай фигура пайда болады (13.11-сурет)? Фигураның бетінің ауданын табыңдар.

13.19. Дұрыс төртбұрышты пирамиданы оның биіктігі жататын түзуден айналдырғанда қандай фигура пайда болады (13.12-сурет)?

13.20. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. Осы пирамиданы оның биіктігі жататын түзуден айналдырғанда пайда болатын конустың бетінің ауданын табыңдар (13.12-сурет).

13.21. Дұрыс алтыбұрышты пирамиданы оның биіктігі жататын түзуден айналдырғанда қандай фигура пайда болады (13.13-сурет)?



13.12-сурет



13.13-сурет

13.22. Табанының қабырғалары 1 см-ге, ал бүйір қырлары 2 см-ге тең дұрыс алтыбұрышты пирамиданы оның биіктігі жататын түзуден айналдырғанда пайда болатын конустың бетінің ауданын табыңдар (13.13-сурет).

C

13.23. ABC доғалбұрышты үшбұрышты оның AH биіктігі жататын түзуден айналдырғанда қандай фигура пайда болады (13.14-сурет)? Осы фигураның бетінің ауданын табыңдар.



13.14-сурет

13.24. Октаэдрді оның қарама-қарсы жатқан төбелерін қосатын түзуден айналдырғанда қандай фигура пайда болады (13.15-сурет)? Октаэдрдің қыры 1 см-ге тең деп алып, пайда болған фигура бетінің ауданын табыңдар.



13.15-сурет



13.16-сурет

13.25. Конусты және оның биіктігінің ортасына қарағанда центрлік симметриялы конусты салыңдар. Бұл конустардың ортақ бөлігі қандай фигура болады? Бастапқы конустың табанының радиусы 1 см-ге, ал жасаушысы 2 см-ге тең деп алып, пайда болған фигура бетінің ауданын табыңдар.

13.26. Конустың бүйір бетінің жазбасы — радиусы 1 см болатын жарты дөңгелек. Конустың табанының радиусын табыңдар.

13.27. Конустың табанының радиусы 1 см-ге, ал жасаушысы 3 см-ге тең. Конустың бүйір бетінің жазбасының центрлік бұрышын табыңдар.

13.28. Конустың осьтік қимасы — қабырғасы 1 см болатын ABC теңқабырғалы үшбұрышы. Оның осьтік қимасының A нүктесінен BC қабырғасының ортасы D нүктесіне дейінгі бүйір беті бойымен ең қысқа қашықтықты табыңдар (13.16-сурет).

13.29. Конус пішіндес жиналған шөп үйіндісінің төбесін темір қаңылтырмен жабу қажет. Оның биіктігі 2 м-ге, ал табанының диаметрі 6 м-ге тең. Егер барлық қаңылтыр бетінің 10% -ы оларды жабыстыруға кететін болса, онда төбені жабу үшін $0,7 \times 1,4$ өлшемді қанша қаңылтыр қажет болады? ($\pi \approx 3$ деп алыңдар).

13.30. Құрылыс алаңындағы конус пішіндес үйінді құмның табаны шеңберінің ұзындығын метрлік таспамен өлшегенде 21,6 м болды (13.17-сурет). Метрлік таспаны үйіндінің төбесі арқылы асыра лақтырып өлшегенде оның екі жасаушысының ұзындығы 7,8 м екені анықталды. Үйінді құмның бетінің ауданын табыңдар ($\pi \approx 3$ деп алыңдар).

13.17-сурет

13.31. Мөлдір туған күніне орай қағаздан биіктігі 8 см, ал табанының радиусы 6 см болатын конустың бүйір беті тәріздес 8 дана бас киім дайындамақшы болды. Оған бас киімдерді дайындау үшін қанша қағаз ($см^2$-мен) қажет екенін табыңдар ($\pi \approx 3$ деп алыңдар).

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

13.32. Дөңгелек сақинаның анықтамасын және оның ауданын табу формуласын қайталаңдар.

§ 14. Қиық конус және оның элементтері. Қиық конустың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары



14.1-сурет

Егер конусты табан жазықтығына параллель жазықтықпен қиып өтсе, онда конустың осы жазықтықпен табан жазықтығының арасындағы шектелген бөлігі *қиық конус* деп аталады (14.1-сурет).

Конустың табан жазықтығына параллель жазықтықпен қимасы да *қиық конустың табаны* деп аталады. Сонымен, қиық конусты шектейтін дөңгелектерді оның *табандары* деп атайды.

Конустың осі *қиық конустың осі* деп аталады.

Қиық конустың табандарының арасында шектелген конустың бүйір бетінің бөлігі *қиық конустың бүйір беті* деп аталады.

Қиық конустың табандарының арасында шектелген конустың жасаушыларының кесінділері *қиық конустың жасаушылары* деп аталады.

Қиық конустың табан жазықтықтарының арасындағы қашықтық *қиық конустың биіктігі* деп аталады.

Қиық конустың осі арқылы өтетін жазықтықпен қимасы *қиық конустың осьтік қимасы* деп аталады (14.2-сурет).



14.2-сурет



14.3-сурет

Қиық конустың осьтік қимасы теңбүйірлі трапеция болатынын дәлелдеңдер.

Қиық конусты осы теңбүйірлі трапецияны оның табандарының орталары арқылы өтетін түзуден айналдыру арқылы алуға болады.

Қиық конусты теңбүйірлі емес трапецияны айналдыру арқылы алуға бола ма?

Егер қиық конустың бүйір бетін жасаушысы бойымен кесіп жазықтыққа жазатын болсақ және оған табандарын қоссақ, онда қиық конустың жазбасы деп аталатын фигура пайда болады (14.3-сурет).

Қиық конустың бетінің ауданы деп оның жазбасының ауданын айтады.

Қиық конустың бүйір бетінің ауданы деп оның бүйір бетінің жазбасының ауданын айтады.

Егер қиық конустың табандарының радиустары R және r, ал жасаушысы l-ға тең болса, онда қиық конустың бүйір бетінің ауданы мынадай формуламен анықталады:

$$S_{\text{бүй}} = \pi(R + r)l.$$

Қиық конустың толық бетінің ауданын алу үшін оның бүйір бетінің ауданына табандарының аудандарын қосу керек болады:

$$S_{\text{толық}} = \pi(R + r)l + \pi R^2 + \pi r^2.$$

Сұрақтар

1. Қандай фигура қиық конус деп аталады?
2. Қиық конустың табандары дегеніміз не?
3. Қиық конустың биіктігі дегеніміз не?
4. Қиық конустың осі дегеніміз не?
5. Қиық конустың осьтік қимасы дегеніміз не?
6. Қандай фигура қиық конустың жазбасы деп аталады?
7. Қиық конустың бетінің ауданы дегеніміз не?
8. Қиық конустың бүйір бетінің ауданы дегеніміз не?
9. Қиық конустың бүйір бетінің ауданын табу формуласын жазыңдар.
10. Қиық конустың толық бетінің ауданын табу формуласын жазыңдар.

Есептер

A

14.1. Торкөз қағазға 14.4-суреттегіге ұқсас қиық конусты салыңдар. Қиық конустың осьтік қимасын кескіндеңдер.



14.4-сурет



14.5-сурет

14.2. Қиық конустың қанша жасаушысы болады?

14.3. Қиық конустың табанына параллель жазықтықпен қимасы қандай фигура болады?

14.4. Теңбүйірлі трапецияны оның табандарының орталары арқылы өтетін түзуден айналдырғанда қандай фигура пайда болады (14.5-сурет)?



14.6-сурет

14.5. BC кесіндісін осы кесіндімен бір жазықтықта жататын, ортақ нүктесі болмайтын және оған параллель де, перпендикуляр да емес түзуден айналдырғанда қандай фигура пайда болады (14.6-сурет)?

14.6. Қиық конустың табандарының радиустары 6 см және 2 см, ал биіктігі 3 см-ге тең. Қиық конустың жасаушысын табыңдар.

14.7. Қиық конустың табандарының радиустары 6 см және 2 см, ал жасаушысы 5 см-ге тең. Қиық конустың бетінің ауданын табыңдар.

14.8. 14.7-суреттегі дөңгелектің бөлігі қиық конустың бүйір бетінің жазбасы бола ма?



14.7-сурет

B

14.9. Торкөз қағазға 14.4-суреттегіге ұқсас қиық конусты салыңдар. Осы конустың осіне параллель болатын және табандарымен қиылысатын жазықтықпен қимасын кескіндеңдер.

14.10. Қиық конустың табандарының радиустары 2 см және 4 см. Қиық конустың биіктігінің ортасы арқылы табан жазықтығына параллель жазықтықпен қимасының ауданын табыңдар.

14.11. Қиық конустың: 1) симметрия центрі; 2) симметрия осі; 3) симметрия жазықтығы бола ма?

14.12. Қиық конустың жасаушысы 2 см-ге тең және ол табан жазықтығына 30° бұрыш жасап көлбейді. Қиық конустың биіктігін табыңдар.

14.13. Қиық конустың жасаушысы 2 см-ге тең және ол табан жазықтығына 60° бұрыш жасап көлбейді. Қиық конустың кіші табанының радиусы 1 см-ге тең болса, үлкен табанының радиусын табыңдар.

14.14. Теңбүйірлі трапецияның табандары 1 см және 2 см, ал бүйір қабырғалары 2 см. Осы трапецияны оның табандарының орталары арқылы өтетін түзуден айналдырғанда пайда болған фигураның бетінің ауданын табыңдар.

14.15. Дұрыс төртбұрышты қиық пирамиданы оның табандарының орталары арқылы өтетін түзуден айналдырғанда қандай фигура пайда болады (14.8-сурет)?

14.16. Дұрыс төртбұрышты қиық пирамиданың табандарының қабырғалары 4 см және 2 см, ал бүйір қырлары 3 см-ге тең. Осы пирамиданы оның табандарының орталары арқылы өтетін түзуден айналдырғанда пайда болған фигураның бетінің ауданын табыңдар (14.8-сурет)?



14.8-сурет

14.17. Дұрыс алтыбұрышты қиық пирамиданы оның табандарының центрлері арқылы өтетін түзуден айналдырғанда қандай фигура пайда болады (14.9-сурет)?

14.18. Дұрыс алтыбұрышты қиық пирамиданың табандарының қабырғалары 2 см және 1 см, ал бүйір қырлары 3 см-ге тең. Осы пирамиданы оның табандарының центрлері арқылы өтетін түзуден айналдырғанда пайда болған фигураның бетінің ауданын табыңдар (14.9-сурет).



14.9-сурет

14.10-сурет

14.19. Киіз үйдің күмбезі қиық конус пішіндес. Оның табандарының диаметрлері 5 м және 1 м, ал биіктігі 2 м-ге тең (14.10-сурет). Киіз үй күмбезінің бүйір бетінің ауданын табыңдар.

C

14.20. Дұрыс алтыбұрышты оның қарама-қарсы жатқан қабырғаларының орталары арқылы өтетін түзуден айналдырғанда қандай фигура пайда болады (14.11-сурет)? Дұрыс алтыбұрыштың қабырғалары 1 см-ге тең болса, пайда болған фигураның бетінің ауданын табыңдар.



14.11-сурет



14.12-сурет

14.21. ABC теңқабырғалы үшбұрышты оның A төбесі арқылы өтетін және CH биіктігіне параллель болатын түзуден айналдырғанда қандай фигура пайда болады (14.12-сурет)? ABC үшбұрышының қабырғалары 1 см-ге тең деп алып, пайда болған фигура бетінің ауданын табыңдар.

14.22. 14.13-суретте шеңберлерінің радиустары 1 см және 2 см болатын дөңгелек сақинаның жартысы — қиық конустың бүйір бетінің жазбасы кескінделген. Қиық конустың табандарының радиустарын табыңдар.



14.13-сурет

14.23. 14.14-суреттегі бетті қандай функцияның графигін айналдырғанда алуға болады?

14.14-сурет



14.15-сурет

14.24. 14.15-суреттегі бетті қандай функцияның графигін айналдырғанда алуға болады?

14.25. 14.16-суреттегі бетті қандай функцияның графигін айналдырғанда алуға болады?



14.16-сурет

14.26. Шелек қиық конус пішіндес және оның іші-сыртын бояу қажет. Оның табандарының диаметрлері 30 см және 20 см, ал жасаушысы 30 см-ге тең. Егер бояудың орташа шығыны 1 м^2-ге 300 г



14.17-сурет

болса, онда бұл жұмысты орындау үшін қанша бояу қажет болады?

14.27. 14.17-суретте темір қаңылтырдан жасалған сұйық құйғыштың өлшемдері миллиметрмен көрсетілген. Егер барлық қаңылтыр бетінің 10%-ы оларды жабыстыруға кететін болса, онда құйғышты дайындау үшін қанша квадрат дециметр қаңылтыр қажет болады?

14.28. Қиық конус пішіндес шелекті темір қаңылтырдан жасау қажет. Оның табандарының диаметрлері 28 см және 20 см, ал биіктігі 24 см-ге тең. Жабыстыруға кететін шығынды есепке алмағанда шелектің бүйір беті жазбасының өлшемдері қандай?

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

14.29. Шеңбердің, дөңгелектің және олардың элементтерінің анықтамаларын, шеңберге жүргізілген жанаманың анықтамасын және шеңбер мен түзудің өзара орналасуы жағдайларын қайталаңдар.

§ 15. Сфера, шар және олардың элементтері

Сфера және шар — жазықтықтағы сәйкесінше шеңбер мен дөңгелектің кеңістіктік аналогтары болып табылады.

Берілген нүктеден белгілі қашықтықта орналасқан кеңістіктің барлық нүктелерінен тұратын фигура *сфера* деп аталады (15.1-сурет).

Берілген нүкте *сфераның центрі*, берілген қашықтық *сфераның радиусы* деп аталады.

Сфераның центрін оның бойында жатқан қандай да бір нүктесімен қосатын кесіндіні *сфераның радиусы* деп атайды.



15.1-сурет

Сонымен, центрі O нүктесі және радиусы R болатын сфера осы O нүктесінен арақашықтығы R-ге тең кеңістіктің барлық нүктелерінен тұратын геометриялық фигураны құрайды.

Сфераның бойында жатқан кез келген екі нүктені қосатын кесінді *сфераның хордасы* деп аталады. Сфераның центрі арқылы өтетін хорда осы *сфераның диаметрі* деп аталады.

Сфераның центрі арқылы өтетін жазықтықпен қимасы *үлкен шеңбер* болады.

Сфераны осы шеңберді оның диаметрі жатқан түзуден айналдыру арқылы алуға болады (15.2-сурет).



15.2-сурет

Берілген нүктеден белгілі қашықтықтан аспайтын кеңістіктің барлық нүктелерінен тұратын фигура *шар* деп аталады.

Берілген нүкте *шардың центрі*, ал берілген қашықтық *шардың радиусы* деп аталады.

Шардың центрін оның бетінде жатқан қандай да бір нүктесімен қосатын кесіндіні де *шардың радиусы* деп атайды.

Сонымен, центрі O нүктесі және радиусы R болатын шар осы O нүктесінен арақашықтығы R-ден аспайтын кеңістіктің барлық нүктелерінен тұратын геометриялық фигураны құрайды.

Шардың бетінде жатқан кез келген екі нүктені қосатын кесінді осы *шардың хордасы* деп аталады. Шардың центрі арқылы өтетін хорда осы *шардың диаметрі* деп аталады.

Шардың центрі арқылы өтетін жазықтықпен қимасы *үлкен дөңгелек* болады. Шарды осы дөңгелекті оның диаметрі жатқан түзуден айналдыру арқылы алуға болады.

Берілген шардың центрімен және радиусымен бірдей болатын сфера осы *шардың беті* деп аталады.

Сфера мен жазықтықтың өзара орналасуы жағдайларын қарастырайық. Егер α жазықтығы сфераның центрі арқылы өтсе, онда сфераның осы жазықтықпен қимасында шеңбер пайда болады (15.3-сурет).



15.3-сурет

Егер α жазықтығы сфераның центрі арқылы өтпесе, онда осы центрден α жазықтығына OO_1 перпендикулярын түсіреміз. Бұл келесі жағдайларда орындалуы мүмкін.

1-жағдай. Егер OO_1 перпендикулярының ұзындығы сфераның R радиусынан үлкен болса, онда O нүктесінен α жазықтығының кез келген нүктесіне дейінгі қашықтық R-ден үлкен болады. Демек, бұл жағдайда сфера мен жазықтықтың ортақ нүктелері болмайды (15.4, а-сурет).



15.4-сурет

2-жағдай. Егер OO_1 перпендикулярының ұзындығы сфераның R радиусына тең болса, онда сфера мен жазықтықтың тек бір ғана ортақ нүктесі — O_1 нүктесі бар болады (15.4, ә-сурет).

Сферамен бір ғана ортақ нүктесі болатын жазықтық *сфераға жанама жазықтық* деп аталады. Мұндағы сфера мен жазықтықтың ортақ нүктесі *жанасу нүктесі* деп аталады. Сонымен бірге осы нүктеде сфера жазықтықты *жанайды* немесе жазықтық сферамен *жанасады* деп те айтады.

Жанама жазықтық жанасу нүктесіне жүргізілген сфераның радиусына перпендикуляр болатынын дәлелдеңдер.

3-жағдай. Егер OO_1 перпендикулярының ұзындығы, яғни O нүктесінен α жазықтығына дейінгі d қашықтығы сфераның R радиусынан кіші болса, онда сфера мен жазықтық қиылысады және олардың қиылысуы — центрі O_1 нүктесі және радиусы $r = \sqrt{R^2 - d^2}$ болатын шеңбер болады (15.4, б-сурет).

Расында да, сфера мен α жазықтығының қиылысуында жататын қандай да бір A нүктесі үшін $OO_1 = d$, $OA = R$ болатын OO_1A тікбұрышты үшбұрышынан $O_1A = \sqrt{R^2 - d^2}$ теңдігі шығады. Керісінше, егер α жазықтығында жатқан A нүктесі үшін бұл теңдік орындалса, онда O нүктесінен A нүктесіне дейінгі қашықтық R-ге тең болады, яғни A нүктесі сфераның бойында жатады.



15.5-сурет

Әдетте сфера 15.5-суреттегідей кескінделеді. Бұл суретте шеңберден басқа:

а) сфераның центрі арқылы өтетін жазықтықпен қимасы — *сфераның үлкен шеңбері* немесе *экватор*;

ә) сфераның центрі арқылы өтетін және экватор жазықтығына перпендикуляр түзу — *сфераның осі*;

б) осьтің сферамен қиылысу нүктелері — *сфераның полюстері* кескінделген. Әдетте, оларды N (солтүстік полюс) және S (оңтүстік полюс) әріптерімен белгілейді.

Кейде сфераның суретінде полюс пен экватор таңдап алынғаннан кейін параллельдер мен меридиандардың кескінін салуға болады.

Параллельдер — сфераның экватор жазықтығына параллель жазықтықтармен қималары. *Меридиандар* — сфераның осі арқылы өтетін жазықтықтармен қималары (15.6-сурет). Әдетте, дәл осылай жер шарының нобайы (кескіні) — глобус кескінделеді.



15.6-сурет



15.7-сурет

Шардың жазықтықпен қимасы қандай фигура болады?

Сфера мен жазықтықтың өзара орналасуы жағдайларына ұқсас сфера мен түзудің өзара орналасуын өздерің қарастырыңдар.

Сферамен бір ғана ортақ нүктесі болатын түзу сфераға *жанама түзу* деп аталады.

Теорема. ***Сферадан тыс жатқан бір нүктеден осы сфераға жүргізілген жанама түзулердің кесінділері өзара тең болады.***

Дәлелдеуі. AB және AC — қандай да бір A нүктесінен сфераға жүргізілген жанамалардың кесінділері болсын, мұндағы B және C — жанасу нүктелері (15.7-сурет).

A, B және C нүктелері арқылы өтетін α жазықтығын қарастырайық. Бұл жазықтық сферамен сәйкесінше B және C нүктелерінде AB және AC түзулерімен жанасатын шеңбер бойымен қиылысады. Шеңберден тыс жатқан нүктеден осы шеңберге жүргізілген жанамалардың кесінділерінің қасиеттері бойынша $AB = AC$ болады.

Сұрақтар

1. Қандай фигура сфера деп аталады?
2. Сфераның радиусы дегеніміз не?
3. Сфераның хордасы дегеніміз не?
4. Сфераның диаметрі дегеніміз не?
5. Қандай фигураны айналдырғанда сфераны алуға болады?
6. Қандай фигура шар деп аталады?
7. Шардың радиусы дегеніміз не?
8. Шардың хордасы дегеніміз не?
9. Шардың диаметрі дегеніміз не?
10. Қандай фигураны айналдырғанда шарды алуға болады?
11. Шардың беті дегеніміз не?
12. Қандай жағдайда сфера мен жазықтықтың ортақ нүктесі болмайды?
13. Қандай жағдайда сфера мен жазықтықтың бір ғана ортақ нүктесі болады?
14. Қандай жағдайда сфера мен жазықтық шеңбер бойымен қиылысады?
15. Қандай жазықтық сфераға жүргізілген жанама жазықтық деп аталады?
16. Қандай түзу сфераға жүргізілген жанама түзу деп аталады?

Есептер



15.8-сурет

A

15.1. Торкөз қағазға 15.8-суреттегіге ұқсас сфераны салыңдар. Қандай да бір параллельдер мен меридиандарды кескіндеңдер.

15.2. Центрі O нүктесі және радиусы R болатын: 1) шардың ішінде жатқан; 2) шардан тыс жатқан A нүктесі қандай теңсіздікті қанағаттандырады?

15.3. Сфераның радиусы 4 см-ге тең. Егер берілген нүктеден сфераның центріне дейінгі қашықтық: 1) 3; 2) 4; 3) 5 болса, онда осы нүкте сфераға қатысты қалай орналасады?

15.4. Сфераның центрі арқылы қанша диаметр жүргізуге болады?

15.5. Сфераның диаметрі оның радиусынан 55 мм-ге үлкен. Осы диаметрді табыңдар.

15.6. A және B нүктелерінің арақашықтығы 2 см-ге тең. Осы нүктелер арқылы өтетін сфераның ең кіші радиусын табыңдар.

15.7. Сфераның радиусы 7 см-ге тең және қандай да бір жазықтық оның центрінен: 1) 6 см; 2) 7 см; 3) 8 см қашықтықта орналасқан. Осы сфера мен жазықтықтың бір-біріне қатысты қалай орналасқанын анықтаңдар.

B

15.8. 1) Сфераның бойында жатқан нүкте арқылы; 2) сфераның ішінде жатқан нүкте арқылы; 3) сферадан тыс жатқан нүкте арқылы осы сфераға қанша жанама жазықтық жүргізуге болады?

15.9. Шардың радиусы 5 см-ге тең. Шардың центрінен 3 см қашықтықта болатын жазықтықпен қимасы — дөңгелектің радиусын табыңдар.

15.10. Сфераның радиусы 3 см-ге тең. Берілген нүктеден осы сфераның центріне дейінгі қашықтық — 5 см. Осы нүктеден сфераға жүргізілген жанаманың кесіндісінің ұзындығын табыңдар.

15.11. Сфераның радиусы 3 см-ге тең және оның центрінен қандай да бір түзу: 1) 5 см; 2) 6 см; 3) 7 см қашықтықта орналасқан. Осы сфера мен түзудің бір-біріне қатысты қалай орналасқанын анықтаңдар.

15.12. Сфераның радиусы 3 см-ге тең. Берілген нүктеден осы сфераға жүргізілген жанаманың кесіндісінің ұзындығы 4 см-ге тең. Осы нүктеден сфераның центріне дейінгі қашықтықты табыңдар.

15.13. Сфераның радиусы 6 см-ге тең. Берілген нүктеден осы сфераның центріне дейінгі қашықтық — 10 см. Осы нүктеден сфераға жүргізілген жанаманың кесіндісінің ұзындығын табыңдар.

15.14. Берілген нүктеден сфераның центріне дейінгі қашықтық 13 см-ге тең. Осы нүктеден сфераға жүргізілген жанаманың кесіндісінің ұзындығы 12 см. Сфераның радиусын табыңдар.

15.15. $x^2 + y^2 + z^2 = 4$ теңдеуімен берілген сфера мен 1) $z = 1$; 2) $z = 2$; 3) $z = 3$ теңдеуімен берілген жазықтықтың өзара орналасуын анықтаңдар.

15.16. Париж меридианы ұзындығы 40 000 км-ге тең. Жер шарының радиусын табыңдар (15.9-сурет).



15.9-сурет

15.17. Сферамен ортақ нүктелері болмайтын түзу арқылы берілген сфераға қанша жанама жазықтық жүргізуге болады?

15.18. Сфераның радиусы 4 см-ге тең. Берілген нүктеден осы сфераның центріне дейінгі қашықтық — 6 см. Осы нүктеден сфераның бойында жатқан нүктелеріне дейінгі ең ұзын және ең қысқа қашықтықтарды табыңдар.

C

15.19. Сферадан тыс жатқан нүктеден осы сфераның бойында жатқан нүктелеріне дейінгі ең қысқа және ең ұзын қашықтықтар — 4 см және 6 см. Сфераның радиусын табыңдар.

15.20. Шардың радиусы 2 см-ге тең. Радиустың шеткі нүктесі арқылы онымен 60° бұрыш жасайтындай жазықтық жүргізілген. Пайда болған қиманың ауданын табыңдар.

15.21. Біреуі екіншісінің ішінде жатпайтын екі сфераға қанша ортақ жанама жазықтық жүргізуге болады?

15.22. Параллель екі жазықтықпен жанасатын сфералардың центрлерінің геометриялық орнын табыңдар.

15.23. Сфераның бойында жатқан нүкте арқылы осы сфераға жүргізілген жанама түзулердің геометриялық орнын табыңдар.

15.24. Сферадан тыс жатқан нүкте арқылы осы сфераға жүргізілген жанама түзулердің кесінділерінің геометриялық орнын табыңдар.

15.25. 1) $x + y + z = \sqrt{2}$; 2) $x + y + z = \sqrt{3}$; 3) $x + y + z = 2$ теңдеуімен берілген жазықтық пен $x^2 + y^2 + z^2 = 1$ теңдеуімен берілген сфераның өзара орналасуын анықтаңдар.

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

15.26. Тіктөртбұрышқа, үшбұрышқа, трапецияға іштей және сырттай сызылған шеңберлердің анықтамаларын және олардың радиустарын табу формулаларын қайталаңдар.

§ 16*. Айналу денелерінің комбинациялары

«Тіктөртбұрышқа сырттай сызылған шеңбер» және «квадратқа іштей сызылған шеңбер» ұғымдарына ұқсас «цилиндрге сырттай сызылған сфера» және «цилиндрге іштей сызылған сфера» ұғымдарын анықтайық.

Егер цилиндрдің табандарының шеңберлері сфераның бойында жатса, онда сфера *цилиндрге сырттай сызылған* немесе *цилиндр сфераға іштей сызылған* деп аталады (16.1-сурет).



16.1-сурет



16.2-сурет

Егер сфера цилиндрдің табандарына және бүйір бетімен (әрбір жасаушысымен) жанасатын болса, онда *сфера цилиндрге іштей сызылған* немесе *цилиндр сфераға сырттай сызылған* деп аталады (16.2-сурет).

Теорема. ***Цилиндрге сырттай сфера сызуға болады. Оның радиусы осы цилиндрдің осьтік қимасы — тіктөртбұрышқа сырттай сызылған шеңбердің радиусына тең болады.***

Дәлелдеуі. Цилиндрдің осьтік қимасы — тіктөртбұрышты және оған сырттай сызылған шеңберді қарастырайық (16.3-сурет). Цилиндр осы тіктөртбұрышты оның қарама-қарсы екі қабырғасының O_1, O_2 орталары арқылы өтетін түзуден айналдырғанда алынады. Шеңберді осы түзуден айналдырғанда берілген цилиндрге сырттай сызылған сфера пайда болады. Бұл сфераның радиусы тіктөртбұрышқа сырттай сызылған шеңбердің радиусына тең болады. ☐



16.3-сурет



16.4-сурет

Егер цилиндрдің табанының радиусы r-ге және биіктігі h-қа тең болса, онда осы цилиндрге сырттай сызылған сфераның R радиусы мынадай формуламен анықталады:

$$R = \sqrt{r^2 + \left(\frac{h}{2}\right)^2}.$$

Теорема. ***Егер цилиндрдің осьтік қимасы квадрат болса, онда оған іштей сфера сызуға болады. Іштей сызылған сфераның радиусы цилиндрдің осьтік қимасына іштей сызылған шеңбердің радиусына тең болады.***

Дәлелдеуі. Цилиндрдің осьтік қимасын қарастырайық (16.4-сурет).

Егер цилиндрдің осьтік қимасы — тіктөртбұрышқа іштей шеңбер сызылған болса, онда осы цилиндрге іштей сфера сызылады. Бұл тіктөртбұрыш квадрат болған жағдайда ғана орындалады. Демек, іштей сызылған сфераның радиусы цилиндрдің осьтік қимасына іштей сызылған шеңбердің радиусына тең болады. ☐

Егер цилиндрдің табанының радиусы R-ге тең болса, онда сфераның радиусы да R-ге тең болады.

«Үшбұрышқа сырттай сызылған шеңбер» және «үшбұрышқа іштей сызылған шеңбер» ұғымдарына ұқсас «конусқа сырттай сызылған сфера» және «конусқа іштей сызылған сфера» ұғымдарын анықтайық.

Егер конустың төбесі мен табанының шеңбері сфераның бойында жатса, онда *сфера конусқа сырттай сызылған* немесе *конус сфераға іштей сызылған* деп аталады (16.5-сурет).



16.5-сурет



16.6-сурет

Егер сфера конустың табанына және бүйір бетіне (әрбір жасаушысына) жанасатын болса, онда *сфера конусқа іштей сызылған* немесе *конус сфераға сырттай сызылған* деп аталады (16.6-сурет).

Теорема. ***Конусқа сырттай сфера сызуға болады. Оның радиусы осы конустың осьтік қимасы — үшбұрышқа сырттай сызылған шеңбердің радиусына тең болады.***



16.7-сурет

Дәлелдеуі. Конустың осьтік қимасы — теңбүйірлі үшбұрышты және оған сырттай сызылған шеңберді қарастырайық (16.7-сурет). Конус осы үшбұрышты оның табанына түсірілген биіктігі жататын түзуден айналдырғанда алынады. Шеңберді осы түзуден айналдырғанда берілген конусқа сырттай сызылған сфера пайда болады. Бұл сфераның радиусы теңбүйірлі үшбұрышқа сырттай сызылған шеңбердің радиусына тең болады.

Қабырғалары a, b, c және ауданы S болатын үшбұрышқа сырттай сызылған шеңбердің R радиусы үшін мынадай формула орынды болатынын еске салайық:

$$R = \frac{abc}{4S}.$$

Осы формуламен осьтік қимасы үшбұрыш болатын конусқа сырттай сызылған сфераның R радиусы да анықталады. Мұндағы, a, b, c — үшбұрыштың қабырғалары, S — үшбұрыштың ауданы.

1-мысал. Конустың табанының радиусы 6 см-ге, жасаушысы 10 см-ге тең. Конусқа сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

Шешуі. Конустың осьтік қимасы — қабырғалары 12 см, 10 см, 10 см болатын теңбүйірлі үшбұрыш болады. Осы үшбұрыштың табанына түсірілген биіктігі 8 см-ге, ал ауданы 48 $см^2$-ге тең. Демек, конусқа сырттай сызылған сфераның радиусы $6\frac{1}{4}$ см-ге тең болады.

Теорема. ***Конусқа іштей сфера сызуға болады. Іштей сызылған сфераның радиусы конустың осьтік қимасы — үшбұрышқа іштей сызылған шеңбердің радиусына тең болады.***

Дәлелдеуі. Конустың осьтік қимасы — теңбүйірлі үшбұрышты және оған іштей сызылған шеңберді қарастырайық (16.8-сурет). Конус осы үшбұрышты оның табанына түсірілген биіктігі жататын түзуден айналдырғанда алынады. Шеңберді осы түзуден айналдырғанда берілген конусқа іштей сызылған сфера пайда болады. Бұл сфераның радиусы теңбүйірлі үшбұрышқа іштей сызылған шеңбердің радиусына тең болады. □



16.8-сурет

Қабырғалары a, b, c және ауданы S болатын үшбұрышқа іштей сызылған шеңбердің r радиусы үшін мынадай формула орынды болатынын еске салайық:

$$r = \frac{2S}{a + b + c}.$$

Осы формуламен осьтік қимасы үшбұрыш болатын конусқа іштей сызылған сфераның r радиусы да анықталады. Мұндағы, a, b, c — үшбұрыштың қабырғалары, S — үшбұрыштың ауданы.

2-мысал. Конустың табанының радиусы 6 см-ге, жасаушысы 10 см-ге тең. Конусқа іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

Шешуі. Конустың осьтік қимасы — қабырғалары 12 см, 10 см, 10 см болатын теңбүйірлі үшбұрыш болады. Осы үшбұрыштың табанына түсірілген биіктігі 8 см-ге, ал ауданы 48 $см^2$-ге тең. Демек, конусқа іштей сызылған сфераның радиусы 3 см-ге тең болады.

«Теңбүйірлі трапецияға сырттай сызылған шеңбер» және «теңбүйірлі трапецияға іштей сызылған шеңбер» ұғымдарына ұқсас «қиық конусқа сырттай сызылған сфера» және «қиық конусқа іштей сызылған сфера» ұғымдарын анықтайық.

Егер қиық конустың табандарының шеңберлері сфераның бойында жатса, онда *сфера қиық конусқа сырттай сызылған* немесе *қиық конус сфераға іштей сызылған* деп аталады (16.9-сурет).



16.9-сурет



16.10-сурет

Егер сфера қиық конустың табандарына және бүйір бетіне (әрбір жасаушысына) жанасатын болса, онда *сфера қиық конусқа іштей сызылған* немесе *қиық конус сфераға сырттай сызылған* деп аталады (16.10-сурет).

Теорема. ***Қиық конусқа сырттай сфера сызуға болады. Оның радиусы осы қиық конустың осьтік қимасы — теңбүйірлі трапецияға сырттай сызылған шеңбердің радиусына тең болады.***

Дәлелдеуі. Қиық конустың осьтік қимасы — теңбүйірлі трапецияны және оған сырттай сызылған шеңберді қарастырайық (16.11-сурет).



16.11-сурет



16.12-сурет

Қиық конус осы теңбүйірлі трапецияны оның табандарының орталары арқылы өтетін түзуден айналдырғанда алынады. Шеңберді осы түзуден айналдырғанда берілген қиық конусқа сырттай сызылған сфера пайда болады. Бұл сфераның радиусы теңбүйірлі трапецияға сырттай сызылған шеңбердің радиусына тең болады.

Теорема. ***Егер қиық конустың осьтік қимасы табандарының қосындысы бүйір қабырғаларының қосындысына тең болатын теңбүйірлі трапеция болса, онда оған іштей сфера сызуға болады. Іштей сызылған сфераның радиусы қиық конустың осьтік қимасына іштей сызылған шеңбердің радиусына тең болады.***

Дәлелдеуі. Қиық конустың осьтік қимасын қарастырайық (16.12-сурет). Егер қиық конустың осьтік қимасы тең болатын теңбүйірлі трапецияға іштей шеңбер сызылған болса, онда осы қиық конусқа іштей сфера сызылады. Бұл осы трапецияның табандарының қосындысы бүйір қабырғаларының қосындысына тең болған жағдайда ғана орындалады. Осыдан, іштей сызылған сфераның радиусы қиық конустың осьтік қимасы — трапецияға іштей сызылған шеңбердің радиусына тең болады. ☐

Сұрақтар

1. Қандай сфера цилиндрге сырттай сызылған деп аталады?
2. Қандай цилиндр сфераға іштей сызылған деп аталады?
3. Цилиндрге сырттай сфераны әрдайым сызуға бола ма?
4. Қандай сфера цилиндрге іштей сызылған деп аталады?
5. Қандай цилиндр сфераға сырттай сызылған деп аталады?
6. Қандай цилиндрге іштей сфера сызуға болады?
7. Қандай сфера конусқа сырттай сызылған деп аталады?
8. Қандай конус сфераға іштей сызылған деп аталады?
9. Конусқа сырттай сфераны әрдайым сызуға бола ма?
10. Қандай сфера конусқа іштей сызылған деп аталады?
11. Қандай конус сфераға сырттай сызылған деп аталады?
12. Конусқа іштей сфераны әрдайым сызуға бола ма?
13. Қандай сфера қиық конусқа сырттай сызылған деп аталады?
14. Қандай қиық конус сфераға іштей сызылған деп аталады?
15. Қиық конусқа сырттай сфераны әрдайым сызуға бола ма?
16. Қандай сфера қиық конусқа іштей сызылған деп аталады?
17. Қандай қиық конус сфераға сырттай сызылған деп аталады?
18. Қандай қиық конусқа іштей сфера сызуға болады?

Есептер

А

16.1. Сфераның радиусы R-ге тең. Сфераға сырттай сызылған цилиндрдің табанының радиусын және биіктігін табыңдар.

16.2. Цилиндрдің биіктігі h-қа тең. Цилиндрге іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

16.3. Цилиндрдің биіктігі мен табанының радиусы 1 см-ге тең. Цилиндрге сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

16.4. Цилиндрдің табанының радиусы 1 см-ге тең. Цилиндрге сырттай сызылған сфераның радиусы 2 см-ге тең деп алып, цилиндрдің биіктігін табыңдар.

16.5. Цилиндрдің биіктігі 2 см-ге тең. Цилиндрге сырттай сызылған сфераның радиусы 2 см-ге тең деп алып, цилиндрдің табанының радиусын табыңдар.

16.6. Цилиндрдің осьтік қимасы — қабырғалары 3 см және 4 см болатын тіктөртбұрыш. Цилиндрге сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

16.7. Сфераның радиусы 1 см-ге тең. Сфераға сырттай сызылған цилиндр бетінің ауданын табыңдар.

16.8. Қиық конусқа іштей сызылған сфераның радиусы 2 см-ге тең. Қиық конустың биіктігін табыңдар.

B

16.9. Конустың осьтік қимасы — қабырғасы 1 см-ге тең теңқабырғалы үшбұрыш. Конусқа: 1) сырттай сызылған; 2) іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

16.10. Конусқа сырттай сызылған сфераның R радиусын конустың h биіктігі мен табанының r радиусы арқылы өрнектеңдер.

16.11. Конустың табанының радиусы 3 см-ге, ал биіктігі 4 см-ге тең. Конусқа сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

16.12. Конусқа іштей сызылған сфераның R радиусын конустың h биіктігі мен табанының r радиусы арқылы өрнектеңдер.

16.13. Конустың табанының радиусы 3 см-ге, ал биіктігі 4 см-ге тең. Конусқа іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

16.14. Конустың жасаушысы мен оған сырттай сызылған сфераның радиусы 2 см-ге тең. Конустың табанының радиусын табыңдар.

16.15. Конустың табанының радиусы 1 см-ге тең. Оның жасаушысы табан жазықтығымен 45° бұрыш жасайды. Конусқа: 1) сырттай сызылған; 2) іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

16.16. Конустың жасаушысы 1 см-ге тең және ол табан жазықтығымен 30° бұрыш жасайды. Конусқа: 1) сырттай сызылған; 2) іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

C

16.17. Қиық конустың табандарының радиустары 2 см және 1 см, ал жасаушысы 2 см-ге тең. Қиық конусқа сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

16.18. Табандарының радиустары R_1, R_2, ал жасаушысы b-ға тең болатын қиық конусқа іштей сызылған сфераның r радиусы келесі формуламен анықталатынын дәлелдеңдер:

$$r = \frac{\sqrt{b^2 - (R_1 - R_2)^2}}{2}.$$

16.19. Қиық конустың табандарының радиустары 4 см және 1 см, ал жасаушысы 5 см-ге тең. Қиық конусқа іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

16.20. Сфераға сырттай сызылған қиық конустың табандарының радиустары 2 см-ге және 3 см-ге тең. Қиық конустың жасаушысын табыңдар.

16.21. Сфераға сырттай сызылған қиық конустың жасаушысы 8 см-ге, ал бір табанының радиусы 5 см-ге тең. Қиық конустың екінші табанының радиусын табыңдар.

16.22. Шеңбердің ұзындығының анықтамасын және шеңбердің ұзындығын табу формуласын қайталаңдар.

§ 17. Сфераның және оның бөліктерінің аудандары

Сфераның ауданының анықтамасы шеңбердің ұзындығының анықтамасына ұқсас келеді.

4. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. AB түзуі мен ACC_1 жазықтығының арасындағы бұрышты табыңдар.
5. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. SB түзуі мен ABC жазықтығының арасындағы бұрышты табыңдар.

B

6. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. SC түзуі мен ABC жазықтығының арасындағы бұрышты табыңдар.
7. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. AB түзуі мен CDD_1 жазықтығының арасындағы бұрышты табыңдар.
8. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. AC түзуі мен CDD_1 жазықтығының арасындағы бұрышты табыңдар.

C

9. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубында AC_1 түзуі мен BDD_1 жазықтығының арасындағы бұрыштың тангенсін табыңдар.
10. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубында AB түзуі мен CB_1D_1 жазықтығының арасындағы бұрыштың синусын табыңдар.

11. $ABCD$ дұрыс тетраэдрінде E нүктесі — BD қырының ортасы. AE түзуі мен ABC жазықтығының арасындағы бұрыштың синусын табыңдар.
12. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. BB_1 түзуі мен AB_1C_1 жазықтығының арасындағы бұрыштың тангенсін табыңдар.
13. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. BD түзуі мен SBC жазықтығының арасындағы бұрыштың синусын табыңдар.
14. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. BC түзуі мен SAF жазықтығының арасындағы бұрыштың синусын табыңдар.
15. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. AA_1 түзуі мен BCE_1 жазықтығының арасындағы бұрышты табыңдар.
16. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. BC_1 түзуі мен AFF_1 жазықтығының арасындағы бұрыштың синусын табыңдар.

Екі жазықтықтың арасындағы бұрыш

A

1. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубында ABC_1 және ABC жазықтықтарының арасындағы бұрышты табыңдар.
2. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубында ADC_1 және BCD_1 жазықтықтарының арасындағы бұрышты табыңдар.
3. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. ACC_1 және BCC_1 жазықтықтарының арасындағы бұрышты табыңдар.
4. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. SAC және SBD жазықтықтарының арасындағы бұрышты табыңдар.

B

5. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. SAD және SBE жазықтықтарының арасындағы бұрышты табыңдар.
6. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. ABB_1 және CDD_1 жазықтықтарының арасындағы бұрышты табыңдар.
7. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. ABB_1 және CEE_1 жазықтықтарының арасындағы бұрышты табыңдар.

8. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. ACC_1 және BEE_1 жазықтықтарының арасындағы бұрышты табыңдар.

C

9. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубында ABC және CB_1D_1 жазықтықтарының арасындағы бұрыштың тангенсін табыңдар.
10. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубында BA_1C_1 және AB_1D_1 жазықтықтарының арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.
11. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. ABC және CA_1B_1 жазықтықтарының арасындағы бұрыштың тангенсін табыңдар.
12. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. SAD және SBC жазықтықтарының арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.
13. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. SBC және SCD жақтарының арасындағы екіжақты бұрыштың косинусын табыңдар.
14. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. SBC және SEF жазықтықтарының арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.
15. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. SAF және SBC жазықтықтарының арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.
16. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. ABC және DB_1F_1 жазықтықтарының арасындағы бұрыштың тангенсін табыңдар.

АРАҚАШЫҚТЫҚ

Нүктеден түзуге дейінгі қашықтық

A

1. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубында B нүктесінен AD_1 түзуіне дейінгі қашықтықты табыңдар.
2. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубында B нүктесінен A_1D_1 түзуіне дейінгі қашықтықты табыңдар.
3. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. A нүктесінен BC түзуіне дейінгі қашықтықты табыңдар.
4. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. A нүктесінен B_1C_1 түзуіне дейінгі қашықтықты табыңдар.

B

5. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. S нүктесінен AC түзуіне дейінгі қашықтықты табыңдар.
6. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. S нүктесінен BE түзуіне дейінгі қашықтықты табыңдар.
7. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. F нүктесінен BB_1 түзуіне дейінгі қашықтықты табыңдар.
8. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. F нүктесінен B_1C_1 түзуіне дейінгі қашықтықты табыңдар.

C

9. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубында B нүктесінен DA_1 түзуіне дейінгі қашықтықты табыңдар.
10. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. B нүктесінен AC_1 түзуіне дейінгі қашықтықты табыңдар.
11. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. S нүктесінен BF түзуіне дейінгі қашықтықты табыңдар.
12. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. B нүктесінен SA түзуіне дейінгі қашықтықты табыңдар.
13. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. B нүктесінен A_1F_1 түзуіне дейінгі қашықтықты табыңдар.
14. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. B нүктесінен A_1D_1 түзуіне дейінгі қашықтықты табыңдар.
15. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. B нүктесінен FE_1 түзуіне дейінгі қашықтықты табыңдар.
16. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. B нүктесінен AD_1 түзуіне дейінгі қашықтықты табыңдар.

Нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтық

A

1. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубында A нүктесінен BDD_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

2. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. A нүктесінен BCC_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.
3. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. S нүктесінен ABC жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.
4. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. S нүктесінен ABC жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

B

5. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. A нүктесінен BDD_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.
6. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. A нүктесінен BCC_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.
7. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. A нүктесінен CDD_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.
8. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. A нүктесінен BDE_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

C

9. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубында A нүктесінен CB_1D_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.
10. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубында A нүктесінен BDC_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.
11. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. A нүктесінен BCA_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.
12. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. A нүктесінен CA_1B_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.
13. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. A нүктесінен SCD жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.
14. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. A нүктесінен SDE жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

15. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. A нүктесінен DEA_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.
16. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. A нүктесінен DEF_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

Екі түзудің арақашықтығы

A

1. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубында AB және CC_1 түзулерінің арақашықтығын табыңдар.
2. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубында AB және C_1D_1 түзулерінің арақашықтығын табыңдар.
3. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубында AB_1 және CD_1 түзулерінің арақашықтығын табыңдар.
4. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. AB және B_1C_1 түзулерінің арақашықтығын табыңдар.

B

5. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубында AA_1 және BD_1 түзулерінің арақашықтығын табыңдар.
6. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. AA_1 және BC_1 түзулерінің арақашықтығын табыңдар.
7. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. AB және C_1D_1 түзулерінің арақашықтығын табыңдар.
8. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. AB_1 және DE_1 түзулерінің арақашықтығын табыңдар.

C

9. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубында BA_1 және DB_1 түзулерінің арақашықтығын табыңдар.
10. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. CC_1 және AB түзулерінің арақашықтығын табыңдар.
11. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. AB және CB_1 түзулерінің арақашықтығын табыңдар.
12. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. SB және AC түзулерінің арақашықтығын табыңдар.
13. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. SA және CD түзулерінің арақашықтығын табыңдар.

14. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. SB және AF түзулерінің арақашықтығын табыңдар.
15. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. SB және AE түзулерінің арақашықтығын табыңдар.
16. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. BB_1 және EF_1 түзулерінің арақашықтығын табыңдар.

ҚИМАЛАР

А

1. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубының AA_1, BB_1, B_1C_1 қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.
2. $ABCD$ тетраэдрінің барлық қырлары 1 см-ге тең. Тетраэдрдің AB, BC және CD қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.
3. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. Призманың AB, BC, A_1B_1 қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.
4. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубының BB_1, CC_1, A_1B_1 қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.
5. $ABCD$ тетраэдрінің барлық қырлары 1 см-ге тең. Тетраэдрдің AD, BD және BC қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.
6. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. Призманың A, C және D_1 төбелері арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.
7. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубының A төбесі және BC, B_1C_1 қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.
8. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубының C төбесі және AD, A_1D_1 қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.
9. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. Призманың B, B_1 төбелері және AC қырының ортасы арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.

В

10. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубының A төбесі және BB_1, DD_1 қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.

11. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубының A, C төбелері және C_1D_1 қырының ортасы арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.

12. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. Призманың A, D және C_1 төбелері арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.

13. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубының B төбесі және AA_1, CC_1 қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.

14. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубының A_1, B төбелері және CC_1 қырының ортасы арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.

15. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. Призманың A_1, B_1 төбелері және AC қырының ортасы арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.

16. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубының AA_1, CC_1 қырларының орталары және BB_1 қырында B төбесінен 0,25 қашықтықта жатқан нүкте арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.

17. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубының A төбесі және CD, A_1D_1 қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.

18. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. Пирамиданың A, B төбелері және SC қырының ортасы арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.

19. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. Призманың AA_1, BB_1 және A_1C_1 қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.

20. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубының A_1B_1, CD қырларының орталары және AB қырында A төбесінен 0,25 қашықтықта жатқан нүкте арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.

21. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубының A_1, C_1 төбелері және AD қырының ортасы арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.

22. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. Пирамиданың B, C төбелері және SA қырының ортасы арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.
23. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. Призманың B, D және E_1 төбелері арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.
24. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубының AD, B_1C_1 қырларының орталары және BC қырында B төбесінен 0,25 қашықтықта жатқан нүкте арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.
25. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. Пирамиданың AD, BC және SD қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.
26. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. Призманың A, B төбелері және A_1C_1 қырының ортасы арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.
27. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. Призманың C, F және E_1 төбелері арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.

C

28. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубының AA_1, CC_1 қырларының орталары және AB қырында A төбесінен 0,75 қашықтықта жатқан нүкте арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.
29. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубының D_1 төбесі және AB, BC қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.
30. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубының BB_1, DD_1 қырларының орталары және AB қырында A төбесінен 0,75 қашықтықта жатқан нүкте арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.
31. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. Призманың A, B және D_1 төбелері арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.

32. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубының AA_1, CC_1 қырларының орталары және AB қырында A төбесінен 0,25 қашықтықта жатқан нүкте арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.
33. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубының AB, BC, CC_1 қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.
34. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубының B_1 төбесі және AD, CD қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар. Қиманың ауданын табыңдар.

ІШТЕЙ ЖӘНЕ СЫРТТАЙ СЫЗЫЛҒАН ФИГУРАЛАР

Цилиндр және конус

А

1. Сфераға сырттай сызылған цилиндрдің остік қимасының периметрі 8 см-ге тең. Сфераның радиусын табыңдар.
2. Сфераға сырттай сызылған цилиндрдің остік қимасының ауданы 4 см^2-ге тең. Сфераның диаметрін табыңдар.
3. Цилиндрдің остік қимасының диагоналі 2 см-ге тең. Осы цилиндрге сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.
4. Цилиндрдің биіктігі 2 см-ге, ал табанының радиусы 1 см-ге тең. Осы цилиндрге сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.
5. Цилиндр табанының радиусы 1 см-ге тең. Осы цилиндрге сырттай радиусы 2 см-ге тең сфера сызылған. Цилиндрдің биіктігін табыңдар.
6. Цилиндрдің биіктігі 1 см-ге тең. Осы цилиндрге сырттай радиусы 1 см-ге тең сфера сызылған. Цилиндр табанының радиусын табыңдар.
7. Тік призманың табаны — қабырғасы 1 см-ге тең дұрыс үшбұрыш. Осы призмаға іштей сызылған цилиндрдің табанының радиусын табыңдар.
8. Тік призманың табаны — катеттері 6 см және 8 см болатын тікбұрышты үшбұрыш. Осы призмаға іштей сызылған цилиндрдің табанының радиусын табыңдар.
9. Бірлік кубқа іштей сызылған цилиндр табанының радиусын табыңдар.
10. Дұрыс алтыбұрышты призма табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы призмаға іштей сызылған цилиндрдің табанының радиусын табыңдар.
11. Тік призманың табаны — қабырғасы 1 см-ге тең дұрыс үшбұрыш. Осы призмаға сырттай сызылған цилиндр табанының радиусын табыңдар.

12. Тік призманың табаны — катеттері 6 см және 8 см болатын тікбұрышты үшбұрыш. Осы призмаға сырттай сызылған цилиндр табанының радиусын табыңдар.
13. Тік призманың табаны — қабырғасы 1 см-ге тең квадрат. Осы призмаға сырттай сызылған цилиндр табанының радиусын табыңдар.
14. Дұрыс алтыбұрышты призма табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы призмаға сырттай сызылған цилиндр табанының радиусын табыңдар.

B

15. Конус табанының радиусы 1 см-ге тең. Осы конусқа іштей сызылған дұрыс үшбұрышты пирамида табанының қабырғасын табыңдар.
16. Конус табанының радиусы 1 см-ге тең. Осы конусқа іштей сызылған дұрыс төртбұрышты пирамида табанының қабырғасын табыңдар.
17. Конус табанының радиусы 1 см-ге тең. Осы конусқа іштей сызылған дұрыс алтыбұрышты пирамида табанының қабырғасын табыңдар.
18. Конус табанының радиусы 1 см-ге тең. Осы конусқа сырттай сызылған дұрыс үшбұрышты пирамида табанының қабырғасын табыңдар.
19. Конус табанының радиусы 1 см-ге тең. Осы конусқа сырттай сызылған дұрыс төртбұрышты пирамида табанының қабырғасын табыңдар.
20. Конус табанының радиусы 1 см-ге тең. Осы конусқа сырттай сызылған дұрыс алтыбұрышты пирамида табанының қабырғасын табыңдар.
21. Конустың жасаушысы 2 см-ге, ал табанының радиусы 1 см-ге тең. Осы конусқа іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

C

22. Конус табанының радиусы 2 см-ге тең. Осы конусқа іштей радиусы 1 см-ге тең сфера сызылған. Конустың биіктігін табыңдар.
23. Конус табанының радиусы 1 см-ге тең және жасаушысы табан жазықтығымен 45° бұрыш жасайды. Осы конусқа іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.
24. Конустың биіктігі 8 см-ге, ал жасаушысы 10 см-ге тең. Осы конусқа іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.
25. Қиық конус табандарының радиустары 2 см және 1 см-ге тең. Осы конусқа іштей сфера сызылған. Қиық конустың биіктігін табыңдар.

26. Қиық конустың бір табанының радиусы 2 см-ге тең. Осы конусқа іштей радиусы 1 см-ге тең сфера сызылған. Қиық конустың екінші табанының радиусын табыңдар.
27. Қиық конустың үлкен табанының радиусы 2 см-ге тең және жасаушысы табан жазықтығымен 60° бұрыш жасайды. Осы конусқа іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.
28. Қиық конустың жасаушысы 2 см-ге, ал остік қимасының ауданы 3 $см^2$-ге тең. Осы конусқа іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.
29. Конус табанының радиусы 1 см-ге, ал жасаушысы 2 см-ге тең. Осы конусқа сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.
30. Конус табанының радиусы 4 см-ге тең. Осы конусқа сырттай радиусы 5 см-ге тең сфера сызылған. Конустың биіктігін табыңдар.
31. Конус табанының радиусы 1 см-ге тең және жасаушысы табан жазықтығымен 45° бұрыш жасайды. Осы конусқа сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.
32. Конустың биіктігі 8 см-ге, ал жасаушысы 10 см-ге тең. Осы конусқа сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.
33. Қиық конустың табандарының радиустары 2 см және 1 см-ге, ал жасаушысы 2 см-ге тең. Осы конусқа сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.
34. Қиық конустың кіші табанының радиусы 1 см-ге, ал жасаушысы 2 см-ге тең және екінші табан жазықтығымен 45° бұрыш жасайды. Осы конусқа сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.
35. Қиық конустың бір табанының радиусы 4 см-ге, ал биіктігі 7 см-ге тең. Осы конусқа сырттай сызылған сфераның радиусы 5 см-ге тең. Қиық конустың екінші табанының радиусын табыңдар.
36. Қиық конустың табандарының радиустары 2 см және 4 см-ге, ал биіктігі 5 см-ге тең. Осы конусқа сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

Көпжаққа іштей сызылған сфера

A

1. Бірлік кубқа іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.
2. Сфераның радиусы 1 см-ге тең. Осы сфераға сырттай сызылған кубтың қырын табыңдар.
3. Дұрыс үшбұрышты призма табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы призмаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.
4. Дұрыс үшбұрышты призмаға іштей радиусы 1 см-ге тең сфера сызылған. Призманың биіктігін табыңдар.
5. Дұрыс алтыбұрышты призма табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Призманың биіктігін және оған іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

B

6. Призманың табаны — катеттері 1 см-ге тең тікбұрышты үшбұрыш. Осы призмаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.
7. Призманың табаны — қабырғалары 2 см және 3 см болатын теңбүйірлі үшбұрыш. Призманың биіктігін және оған іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.
8. Төртбұрышты тік призманың табаны — қабырғасы 1 см-ге және сүйір бұрышы 60°-қа тең ромб. Призманың биіктігін және оған іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.
9. Төртбұрышты тік призманың табаны — сүйір бұрышы 60°-қа тең ромб. Осы призмаға іштей сызылған сфераның радиусы 1 см-ге тең. Призманың биіктігін және табанының қабырғасын табыңдар.
10. Төртбұрышты тік призманың табаны — биіктігі 2 см-ге тең трапеция. Призманың биіктігін және оған іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.
11. Дұрыс алтыбұрышты призмаға іштей радиусы 1 см-ге тең сфера сызылған. Призманың биіктігін және табанының қабырғасын табыңдар.
12. Бірлік тетраэдрге іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.
13. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қабырғалары 1 см-ге тең. Осы пирамидаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.
14. Дұрыс алтыбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары 1 см-ге, ал табанындағы екіжақты бұрыштары 60°-қа тең. Осы пирамидаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

C

15. Төртбұрышты тік призманың табаны — периметрі 4 см-ге және ауданы 2 $см^2$-ге тең төртбұрыш. Осы призмаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.
16. Дұрыс тетраэдрге іштей бірлік сфера сызылған. Тетраэдрдің қырын табыңдар.
17. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары 2 см-ге, ал табанындағы екіжақты бұрыштары 60°-қа тең. Осы пирамидаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.
18. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 1 см-ге, ал төбесіндегі жазық бұрыштары 90°-қа тең. Осы пирамидаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.
19. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы пирамидаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.
20. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары 2 см-ге, ал табанындағы екіжақты бұрыштары 60°-қа тең. Осы пирамидаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

21. Дұрыс төртбұрышты пирамида табанының қабырғалары 4 см-ге тең. Осы пирамидаға іштей бірлік сфера сызылған. Пирамиданың биіктігін табыңдар.
22. Дұрыс алтыбұрышты пирамида табанының қабырғалары 1 см-ге, ал бүйір қырлары 2 см-ге тең. Осы пирамидаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

Көпжаққа сырттай сызылған сфера

A

1. Бірлік кубқа сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.
2. Бірлік сфераға іштей сызылған кубтың қырын табыңдар.
3. Тікбұрышты параллелепипедтің бір төбесінен шығатын қырлары 1 см, 2 см, 3 см-ге тең. Осы параллелепипедке сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.
4. Тікбұрышты параллелепипедтің бір төбесінен шығатын екі қыры 1 см, 2 см-ге тең және оған сырттай сызылған сфераның радиусы 1,5 см-ге тең. Параллелепипедтің сол төбесінен шығатын үшінші қырын табыңдар.

B

5. Бірлік тетраэдрға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.
6. Бірлік сфераға іштей сызылған дұрыс тетраэдрдің қырын табыңдар.
7. Дұрыс призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. Призмаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.
8. Дұрыс үшбұрышты призманың табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Призмаға сырттай радиусы 2 см-ге тең сфера сызылған. Призманың биіктігін табыңдар.
9. Дұрыс үшбұрышты призманың биіктігі 1 см-ге тең. Призмаға сырттай радиусы 1 см-ге тең сфера сызылған. Призманың табанының қабырғасын табыңдар.
10. Үшбұрышты тік призманың табаны — катеттері 1 см-ге тең тікбұрышты үшбұрыш. Призманың биіктігі 2 см-ге тең болса, онда оған сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.
11. Дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. Призмаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.
12. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. Осы пирамидаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.
13. Дұрыс алтыбұрышты пирамида табанының қабырғалары 1 см-ге, ал бүйір қырлары 2 см-ге тең. Осы пирамидаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

C

14. Пирамиданың табаны — қабырғалары 3 см-ге тең дұрыс үшбұрыш. Пирамиданың бір бүйір қыры 2 см-ге тең және ол табан жазықтығына перпендикуляр. Осы пирамидаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.
15. $SABC$ пирамидасының SC қыры 2 см-ге тең және ол ABC табан жазықтығына перпендикуляр, $\angle ACB = 90^\circ$, $AC = BC = 1$. Осы пирамидаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.
16. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 1 см-ге, ал төбесіндегі жазық бұрыштары 90°-қа тең. Осы пирамидаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

КӨЛЕМ

A

1. Тікбұрышты параллелепипед жағының ауданы 12 см^2-ге және осы жағына перпендикуляр қыры 4 см-ге тең. Параллелепипедтің көлемін табыңдар.
2. Тікбұрышты параллелепипедтің көлемі 24 см^3-ге, ал бір қыры 3 см-ге тең. Параллелепипедтің осы қырына перпендикуляр жағының ауданын табыңдар.
3. Тікбұрышты параллелепипедтің көлемі 60 см^3-ге, ал бір жағының ауданы 12 см^2-ге тең. Параллелепипедтің осы жағына перпендикуляр қырын табыңдар.
4. Тікбұрышты параллелепипедтің бір төбесінен шығатын екі қыры 2 см және 6 см-ге тең. Параллелепипедтің көлемі 48 см^3-ге тең. Параллелепипедтің сол төбесінен шығатын үшінші қырын табыңдар.
5. Тікбұрышты параллелепипедтің бір төбесінен шығатын үш қыры 4 см, 6 см, 9 см-ге тең. Осы параллелепипедке теңшамалы кубтың қырын табыңдар.
6. Егер кубтың барлық қырын үш есе арттырса, онда оның көлемі неше есе артады?
7. Үшбұрышты тік призманың табаны — катеттері 6 см және 8 см болатын тікбұрышты үшбұрыш, ал бүйір қыры 5 см-ге тең. Призманың көлемін табыңдар.
8. Үшбұрышты тік призманың табаны — катеттері 3 см және 5 см болатын тікбұрышты үшбұрыш. Призманың көлемі 30 см^3-ге тең. Оның бүйір қырын табыңдар.
9. Дұрыс алтыбұрышты призма табанының қабырғалары 1 см-ге, ал бүйір қырлары $\sqrt{3}$ см-ге тең. Призманың көлемін табыңдар.
10. Егер дұрыс тетраэдрдің барлық қырын екі есе арттырса, онда оның көлемі неше есе артады?

11. Пирамиданың биіктігі 6 см-ге тең, ал табаны — қабырғалары 3 см және 4 см болатын тіктөртбұрыш. Пирамиданың көлемін табыңдар.
12. Пирамиданың табаны — қабырғалары 3 см және 4 см болатын тіктөртбұрыш. Пирамиданың көлемі 16 $см^3$-ге тең. Оның биіктігін табыңдар.
13. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары 1 см-ге, ал биіктігі $\sqrt{3}$ см-ге тең. Пирамиданың көлемін табыңдар.
14. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары 2 см-ге, ал көлемі $\sqrt{3}$ $см^3$-ге тең. Оның биіктігін табыңдар.
15. Егер пирамиданың биіктігін төрт есе арттырса, онда оның көлемі неше есе артады?
16. Ішінде 6 л су бар цилиндрлік ыдысқа бөлшек салынды. Сонда ыдыстағы сұйықтың деңгейі 1,5 есе көтерілді. Бөлшектің көлемі неге тең?
17. Цилиндрлік ыдыстағы сұйықтың деңгейі 18 см. Егер осы сұйықты диаметрі бірінші ыдыстан 3 есе үлкен болатын екінші ыдысқа құятын болсақ, сұйықтың деңгейі қандай биіктікте болады?
18. Конус табанының ауданы 2 $см^2$-ге, ал жасаушысы 6 см-ге тең және ол табан жазықтығымен 30° бұрыш жасайды. Конустың көлемін табыңдар.
19. Егер конустың биіктігін үш есе қысқартса, онда оның көлемі неше есе кемиді?
20. Егер конустың табанының радиусын 1,5 есе арттырса, онда оның көлемі неше есе артады?
21. Цилиндр мен конустың табаны және биіктігі ортақ. Конустың көлемі 10 $см^3$-ге тең. Цилиндрдің көлемін табыңдар.
22. Цилиндр мен конустың табаны және биіктігі ортақ. Цилиндрдің көлемі 150 $см^3$-ге тең. Конустың көлемін табыңдар.
23. Егер шардың радиусын үш есе арттырса, онда оның көлемі неше есе артады?

B

24. Кубтың диагоналі $\sqrt{12}$ см-ге тең. Оның көлемін табыңдар.
25. Кубтың көлемі $24\sqrt{3}$ $см^3$-ге тең. Оның диагоналін табыңдар.
26. Тікбұрышты параллелепипедтің бір төбесінен шығатын екі қыры 2 см, 4 см-ге, ал диагоналі 6 см-ге тең. Параллелепипедтің көлемін табыңдар.
27. Тікбұрышты параллелепипедтің бір төбесінен шығатын екі қыры 2 см, 3 см-ге, ал көлемі 36 $см^3$-ге тең. Параллелепипедтің диагоналін табыңдар.
28. Егер кубтың әрбір қырын 1 см-ге арттырса, онда оның көлемі 19 $см^3$-ге артады. Кубтың қырын табыңдар.

29. Параллелепипедтің жағы — қабырғасы 1 см-ге және сүйір бұрышы 60°-қа тең болатын ромб. Параллелепипедтің бір қыры осы жағымен 60° бұрыш жасайды және 2 см-ге тең. Параллелепипедтің көлемін табыңдар.
30. Цилиндр табанының радиусы мен биіктігі 2 см-ге тең. Осы цилиндрге сырттай сызылған тікбұрышты параллелепипедтің көлемін табыңдар.
31. Цилиндр табанының радиусы 1 см-ге тең. Осы цилиндрге сырттай сызылған тікбұрышты параллелепипедтің көлемі 8 $см^3$-ге тең. Цилиндрдің биіктігін табыңдар.
32. Сфераның радиусы 2 см-ге тең. Осы сфераға сырттай сызылған кубтың көлемін табыңдар.
33. Сфераға сырттай сызылған кубтың көлемі 216 $см^3$-ге тең. Сфераның радиусын табыңдар.
34. Үшбұрышты призманың көлемі 32 $см^3$-ге тең. Призма табанының орта сызығы арқылы оның бүйір қырына параллель жазықтық жүргізілген. Қиып алынған үшбұрышты призманың көлемін табыңдар.
35. Үшбұрышты призма табанының орта сызығы арқылы оның бүйір қырына параллель жазықтық жүргізілген. Қиып алынған үшбұрышты призманың көлемі 5 $см^3$-ге тең. Бастапқы призманың көлемін табыңдар.
36. Призма табандары — қабырғалары 2 см болатын дұрыс алтыбұрыш. Призманың бүйір қырлары $2\sqrt{3}$ см-ге тең және ол табан жазықтығымен 30° бұрыш жасайды. Оның көлемін табыңдар.
37. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың биіктігі 6 см-ге, ал бүйір қырлары 10 см-ге тең. Пирамиданың көлемін табыңдар.
38. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың биіктігі 12 см-ге, ал көлемі 200 $см^3$-ге тең. Пирамиданың бүйір қырын табыңдар.
39. Пирамиданың табаны — тіктөртбұрыш. Пирамиданың бір бүйір жағы оның табан жазықтығына перпендикуляр, ал басқа үш бүйір жақтары табан жазықтығымен 60° бұрыш жасайды. Пирамиданың биіктігі 6 см-ге тең. Оның көлемін табыңдар.
40. Үшбұрышты пирамиданың бүйір қырлары өзара перпендикуляр және олардың әрқайсысы 3 см-ге тең. Пирамиданың көлемін табыңдар.
41. Дұрыс алтыбұрышты пирамида табанының қабырғалары 2 см-ге, бүйір қырлары 4 см-ге тең. Пирамиданың көлемін табыңдар.
42. Дұрыс алтыбұрышты пирамиданың көлемі 6 $см^3$-ге, табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Пирамиданың бүйір қырын табыңдар.
43. Дұрыс алтыбұрышты пирамида табанының қабырғалары 4 см-ге, ал бүйір жағы мен табанының арасындағы бұрыш 45°-қа тең. Пирамиданың көлемін табыңдар.

44. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ параллелепипедінің көлемі 12 см^3-ге тең. B_1ABC үшбұрышты пирамиданың көлемін табыңдар.

45. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының көлемі 12 см^3-ге тең. E, F, E_1, F_1 нүктелері — BC, CD, B_1C_1, C_1D_1 қырларының орталары. $CEFC_1E_1F_1$ үшбұрышты призмасының көлемін табыңдар.

46. Кубтың көлемі 12 см^3-ге тең. Табаны — кубтың жағы, ал төбесі — кубтың центрінде жататын төртбұрышты пирамиданың көлемін табыңдар.

47. $ABCA_1B_1C_1$ призмасының көлемі 6 см^3-ге тең. Осы призмадан C_1ABC үшбұрышты пирамидасы қиып алынған. Қалған бөліктің көлемін табыңдар.

48. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамиданың бөлігі болатын $SABC$ үшбұрышты пирамидасының көлемі 1 см^3-ге тең. Алтыбұрышты пирамиданың көлемін табыңдар.

49. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың көлемі 12 см^3-ге тең. E нүктесі — SB қырының ортасы. $EABC$ үшбұрышты пирамиданың көлемін табыңдар.

50. Үшбұрышты пирамиданың көлемі 12 см^3-ге тең. Осы пирамиданың төбесі арқылы және табанының орта сызығы арқылы өтетін жазықтықпен қиып үшбұрышты пирамида алынған. Қиып алынған үшбұрышты пирамиданың көлемін табыңдар.

51. $SABC$ үшбұрышты пирамиданың көлемі 15 см^3-ге тең. Осы пирамида табанының AB қабырғасы арқылы өтетін жазықтық оған қарсы жатқан SC бүйір қырын S нүктесінен бастап санағанда $1 : 2$ қатынаста бөлетін D нүктесінде қиып өтеді. $DABC$ пирамидасының көлемін табыңдар.

52. Бір цилиндрлік ыдыс екіншісінен екі есе биік, бірақ екінші ыдыстың іші 1,5 есе кең. Екінші ыдыс көлемінің біріншінің көлеміне қатынасын табыңдар.

53. Конустың көлемі 12 см^3-ге тең. Конустың биіктігін қақ бөлетіндей оның табанына параллель қиюшы жазықтық жүргізілген. Қиып алынған конустың көлемін табыңдар.

54. Конустың биіктігі 6 см-ге, ал жасаушысы 10 см-ге тең. Оның көлемінің π-ге қатынасын табыңдар.

55. Конус табанының диаметрі 6 см-ге, ал осьтік қимасының төбесіндегі бұрышы 90°-қа тең. Оның көлемінің π-ге қатынасын табыңдар.

56. Теңбүйірлі тікбұрышты үшбұрыштың катеті 6 см-ге тең. Осы үшбұрышты бір катеті жатқан түзуден айналдырғанда пайда болған конус көлемінің π-ге қатынасын табыңдар.

57. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың биіктігі 6 см-ге, ал табанының қабырғалары 4 см-ге тең. Пирамидаға сырттай сызылған конус көлемінің π-ге қатынасын табыңдар.

58. Дұрыс төртбұрышты пирамидаға сырттай сызылған конустың көлемі осы пирамидаға іштей сызылған конустың көлемінен неше есе үлкен болады?

59. Үш шардың радиустары 6 см, 8 см және 10 см. Көлемі осы шарлардың көлемдерінің қосындысына тең болатын жаңа шардың радиусын табыңдар.

60. Кубтың қыры 3 см-ге тең. Осы кубқа іштей шар сызылған. Шар көлемінің π-ге қатынасын табыңдар.

61. Кубтың қыры $\sqrt{3}$ см-ге тең. Осы кубқа сырттай шар сызылған. Шар көлемінің π-ге қатынасын табыңдар.

C

62. Тік призманың табаны — ауданы 3 см^2-ге тең ромб. Диагональдық қималарының аудандары 8 см^2 және 12 см^2. Призманың көлемін табыңдар.

63. Тікбұрышты параллелепипедтің үш жағының аудандары 2 см^2, 3 см^2, 6 см^2. Параллелепипедтің көлемін табыңдар.

64. Параллелепипедтің екі жағының аудандары 4 см^2 және 6 см^2, ал олардың ортақ қыры 2 см және өзара 30° екіжақты бұрыш жасайды. Параллелепипедтің көлемін табыңдар.

65. Үшбұрышты көлбеу призманың бір бүйір жағының ауданы 12 см^2, ал осы жақтан оған қарсы жатқан қырына дейінгі қашықтық 3 см. Призманың көлемін табыңдар.

66. Үшбұрышты призманың екі бүйір жақтары өзара перпендикуляр және олардың ортақ қыры 2 см-ге тең. Осы жақтарының аудандары 4 см^2 және 6 см^2. Призманың көлемін табыңдар.

67. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының қыры 3 см-ге тең. Кубтың $ABCD$ жағының көршілес қабырғаларының орталары арқылы өтетін және AA_1 қырына параллель қиюшы жазықтықтармен төрт үшбұрышты призмалар алынды. Призманың қалған бөлігінің көлемін табыңдар.

68. Дұрыс алтыбұрышты призманың көлемі 12. Төбелері берілген призманың табандарының қабырғаларының орталары болатын жаңа призманың көлемін табыңдар.

69. Цилиндр табанының радиусы мен биіктігі $\sqrt{3}$ см-ге тең. Осы цилиндрге сырттай сызылған дұрыс үшбұрышты призманың көлемін табыңдар.

70. Цилиндр табанының радиусы мен биіктігі $2\sqrt{3}$ см-ге тең. Осы цилиндрге іштей сызылған дұрыс үшбұрышты призманың көлемін табыңдар.

71. Сфераның радиусы $\sqrt{3}$ см-ге тең. Осы сфераға сырттай сызылған дұрыс үшбұрышты призманың көлемін табыңдар.

72. Цилиндр табанының радиусы мен биіктігі $\sqrt{3}$ см-ге тең. Осы цилиндрге сырттай сызылған дұрыс алтыбұрышты призманың көлемін табыңдар.

73. Цилиндр табанының радиусы мен биіктігі $\sqrt{3}$ см-ге тең. Осы цилиндрге іштей сызылған дұрыс алтыбұрышты призманың көлемін табыңдар.

74. Сфераның радиусы $\sqrt{3}$ см-ге тең. Осы сфераға сырттай сызылған дұрыс алтыбұрышты призманың көлемін табыңдар.

75. Кубтың қыры 6 см-ге тең. Төбелері кубтың төрт төбесімен сәйкес келетіндей кубқа іштей дұрыс тетраэдр сызылған. Тетраэдрдің көлемін табыңдар.

76. Тетраэдрдің бір қыры 3 см-ге, ал басқа барлық қырлары 2 см-ге тең. Тетраэдрдің көлемін табыңдар.

77. Үшбұрышты пирамиданың жазбасы — қабырғасы 6 см-ге тең квадрат. Пирамиданың көлемін табыңдар.

78. Тетраэдрдің екі қарама-қарсы қырлары өзара перпендикуляр және 3 см, 4 см-ге тең, ал олардың арақашықтығы 2 см-ге тең. Тетраэдрдің көлемін табыңдар.

79. $ABCD$ бірлік тетраэдрін оның DD_1 биіктігі жатқан түзуден 60° бұрышқа айналдырды. Бастапқы және айналған тетраэдрдің ортақ бөлігінің көлемін табыңдар.

80. Төртбұрышты пирамиданың көлемі 12 см^3-ге тең. Пирамиданың төбесі және табанының көршілес қабырғаларының орталары арқылы өтетін қиюшы жазықтықтармен төрт үшбұрышты пирамидалар қиылып алынды. Пирамиданың қалған бөлігінің көлемін табыңдар.

81. Кубтың қыры 6 см-ге тең. Төбелері осы куб жақтарының центрлерінде жататын октаэдрдің көлемін табыңдар.

82. Октаэдрдің қыры 3 см-ге тең. Осы октаэдрге іштей сызылған кубтың көлемін табыңдар.

83. Қыры 6 см-ге тең болатын кубтың әрбір жағынан өтпелі квадратты тесіктер жасалды. Квадраттың қабырғасы 2 см-ге тең. Кубтың қалған бөлігінің көлемін табыңдар.

84. Бірлік кубтың қыры және оның центрі арқылы өтетін жазықтыққа перпендикуляр болатындай әрбір қыры арқылы жазықтықтар жүргізілген. Осы жазықтықтармен шектелген көпжақтың көлемін табыңдар.

85. Бірлік тетраэдрдің әрбір қыры арқылы оған қарсы жатқан қырына параллель жазықтықтар жүргізілген. Осы жазықтықтармен шектелген көпжақтың көлемін табыңдар.

86. Тетраэдрдің көлемі 1 см^3-ге тең. Оның әрбір төбесі арқылы оған қарсы жатқан жағына параллель жазықтықтар жүргізілген. Осы жазықтықтармен шектелген көпжақтың көлемін табыңдар.

87. Тік призманың бүйір қырлары 6 см-ге тең, ал табаны — қабырғалары 4 см болатын теңқабырғалы үшбұрыш. Осы призмаға іштей сызылған цилиндрдің көлемін табыңдар.

88. Тік призманың бүйір қырлары 6 см-ге тең, ал табаны — қабырғалары 2 см болатын теңқабырғалы үшбұрыш. Осы призмаға сырттай сызылған цилиндрдің көлемін табыңдар.

89. Дұрыс үшбұрышты призмаға сырттай сызылған цилиндрдің көлемі осы призмаға іштей сызылған цилиндрдің көлемінен неше есе үлкен болады?

90. Тік призманың бүйір қырлары 4 см-ге тең, ал табаны — қабырғалары 1 см болатын квадрат. Осы призмаға сырттай сызылған цилиндрдің көлемін табыңдар.

91. Дұрыс төртбұрышты призмаға іштей сызылған цилиндрдің көлемі осы призмаға сырттай сызылған цилиндрдің көлемінен неше есе үлкен болады?

92. Дұрыс алтыбұрышты призманың бүйір қырлары 6 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы призмаға іштей сызылған цилиндрдің көлемін табыңдар.

93. Дұрыс алтыбұрышты призманың бүйір қырлары 6 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы призмаға сырттай сызылған цилиндрдің көлемін табыңдар.

94. Шардың көлемі 1 см^3-ге тең. Осы шарға сырттай сызылған цилиндрдің көлемін табыңдар.

95. Шардың көлемі 12 см^3-ге тең. Табаны — шардың үлкен дөңгелегі, ал биіктігі осы дөңгелек жазықтығына перпендикуляр болатын конустың көлемін табыңдар.

БЕТТІҢ АУДАНЫ

А

1. Тікбұрышты параллелепипедтің бір төбесінен шығатын қырлары 1 см, 2 см, 3 см-ге тең. Оның бетінің ауданын табыңдар.

2. Тікбұрышты параллелепипедтің бір төбесінен шығатын екі қыры 3 см және 4 см. Параллелепипедтің бетінің ауданы 52 см^2. Оның сол төбеден шығатын үшінші қырын табыңдар.

3. Егер кубтың барлық қырларын үш есе арттырса, онда оның бетінің ауданы неше есе артады?

4. Егер тетраэдрдің барлық қырларын екі есе арттырса, онда оның бетінің ауданы неше есе артады?

5. Дұрыс алтыбұрышты призманың биіктігі 6 см-ге, ал табанының қабырғалары 3 см-ге тең. Призманың бүйір бетінің ауданын табыңдар.

6. Үшбұрышты тік призманың биіктігі 10 см-ге тең, ал табаны — катеттері 6 см және 8 см болатын тікбұрышты үшбұрыш. Призманың бетінің ауданын табыңдар.
7. Цилиндрдің биіктігі 2 см-ге, ал табанындағы шеңбердің ұзындығы 3 см-ге тең. Цилиндрдің бүйір бетінің ауданын табыңдар.
8. Конустың жасаушысы 2 см-ге, ал табанындағы шеңбердің ұзындығы 3 см-ге тең. Конустың бүйір бетінің ауданын табыңдар.
9. Егер конус жасаушысын 3 есе арттырса, онда оның бетінің ауданы неше аса артады?
10. Егер конус табанының радиусын 1,5 есе кемітсе, онда оның бетінің ауданы неше есе кемиді?
11. Шардың үлкен дөңгелегінің ауданы 1 см^2-ге тең. Шар бетінің ауданын табыңдар.
12. Егер шардың радиусын екі есе арттырса, онда оның бетінің ауданы неше есе артады?

B

13. Кубтың диагоналі 1 см-ге тең. Оның бетінің ауданын табыңдар.
14. Куб бетінің ауданы 8 см^2-ге тең. Оның диагоналін табыңдар.
15. Куб бетінің ауданы 24 см^2-ге тең. Оның көлемін табыңдар.
16. Кубтың көлемі 27 см^3-ге тең. Оның бетінің ауданын табыңдар.
17. Тікбұрышты параллелепипедтің бір төбесінен шығатын екі қыры 2 см және 4 см. Параллелепипедтің диагоналі 6 см-ге тең. Оның бетінің ауданын табыңдар.
18. Тікбұрышты параллелепипедтің бір төбесінен шығатын екі қыры 1 см және 2 см. Параллелепипедтің бетінің ауданы 16 см^2-ге тең. Оның диагоналін табыңдар.
19. Егер кубтың әрбір қырын 1 см-ге арттырса, онда оның бетінің ауданы 30 см^2-ге тең. Кубтың қырын табыңдар.
20. Тікбұрышты параллелепипедтің бір төбесінен шығатын екі қыры 1 см және 2 см. Параллелепипедтің көлемі 6 см^3-ге тең. Оның бетінің ауданын табыңдар.
21. Тік призманың бүйір қыры 5 см-ге тең, ал табаны — диагональдары 3 см және 4 см болатын ромб. Призманың бетінің ауданын табыңдар.
22. Тік призманың табаны — диагональдары 6 см және 8 см болатын ромб. Призма бетінің ауданы 248 см^2-ге тең. Оның бүйір қырын табыңдар.
23. Дұрыс төртбұрышты призма табанының қабырғалары 3 см-ге, бетінің ауданы 66 см^2-ге тең. Оның бүйір қырын табыңдар.
24. Үшбұрышты призманың екі бүйір жақтары өзара перпендикуляр. Олардың ортақ қыры 10 см-ге тең және басқа бүйір қырларынан 6 см және 8 см қашықтықта жатыр. Призманың бүйір бетінің ауданын табыңдар.

25. Үшбұрышты тік призманың табаны — катеттері 6 см және 8 см болатын тікбұрышты үшбұрыш. Призма бетінің ауданы 288 см^2-ге тең. Оның биіктігін табыңдар.
26. Үшбұрышты призманың бүйір бетінің ауданы 12 см^2-ге тең. Призма табанының орта сызығы арқылы бүйір қырына параллель жазықтық жүргізілген. Қиып алынған үшбұрышты призманың бүйір бетінің ауданын табыңдар.
27. Үшбұрышты призма табанының орта сызығы арқылы бүйір қырына параллель жазықтық жүргізілген. Қиып алынған үшбұрышты призманың бүйір бетінің ауданы 8 см^2-ге тең. Бастапқы призманың бүйір бетінің ауданын табыңдар.
28. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 5 см-ге, ал табанының қабырғалары 6 см-ге тең. Пирамида бетінің ауданын табыңдар.
29. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың биіктігі 4 см-ге, ал табанының қабырғалары 6 см-ге тең. Пирамида бетінің ауданын табыңдар.
30. Дұрыс алтыбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 5 см-ге, ал табанының қабырғалары 6 см-ге тең. Пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңдар.
31. Егер октаэдрдің барлық қырларын 3 есе арттырса, онда оның бетінің ауданы неше есе артады?
32. Конустың биіктігі 6 см-ге, ал жасаушысы 10 см-ге тең. Конус беті ауданының π-ге қатынасын табыңдар.
33. Конустың бүйір бетінің ауданы оның табанының ауданынан екі есе үлкен. Конустың жасаушысы мен табан жазықтығының арасындағы бұрышты табыңдар.
34. Конус бетінің ауданы 12 см^2-ге тең. Оның биіктігін қақ бөлетіндей табанына параллель қима жүргізілген. Қиып алынған конус бетінің ауданын табыңдар.
35. Шардың көлемі 36π. Оның бетінің ауданының π-ге қатынасын табыңдар.
36. Бір шардың көлемі екінші шардың көлемінен 27 есе үлкен. Бірінші шар бетінің ауданы екінші шар бетінің ауданынан неше есе үлкен болады?
37. Екі шардың радиустары 6 см және 8 см. Осы шарлардың беттерінің аудандарының қосындысына тең болатын үшінші шардың радиусын табыңдар.

C

38. Цилиндрдің биіктігі мен табанының радиусы 2 см-ге тең. Осы цилиндрге сырттай сызылған дұрыс төртбұрышты призманың бүйір бетінің ауданын табыңдар.

39. Цилиндр табанының радиусы 2 см-ге тең. Осы цилиндрге сырттай сызылған дұрыс төртбұрышты призманың бүйір бетінің ауданы 48 $см^2$-ге тең. Цилиндрдің биіктігін табыңдар.
40. Цилиндрдің биіктігі 3 см-ге, ал табанының радиусы $\sqrt{3}$ см-ге тең. Осы цилиндрге сырттай сызылған дұрыс үшбұрышты призманың бүйір бетінің ауданын табыңдар.
41. Цилиндрдің биіктігі 3 см-ге, ал табанының радиусы $\sqrt{3}$ см-ге тең. Осы цилиндрге іштей сызылған дұрыс үшбұрышты призманың бүйір бетінің ауданын табыңдар.
42. Цилиндрдің биіктігі 3 см-ге, ал табанының радиусы $\sqrt{3}$ см-ге тең. Осы цилиндрге сырттай сызылған дұрыс алтыбұрышты призманың бүйір бетінің ауданын табыңдар.
43. Цилиндрдің биіктігі мен табанының радиусы 3 см-ге тең. Осы цилиндрге іштей сызылған дұрыс алтыбұрышты призманың бүйір бетінің ауданын табыңдар.
44. Сфераның радиусы 2 см-ге тең. Осы сфераға сырттай сызылған тікбұрышты параллелепипед бетінің ауданын табыңдар.
45. Сфераға сырттай сызылған тікбұрышты параллелепипед бетінің ауданы 54 $см^2$-ге тең. Сфераның радиусын табыңдар.
46. Цилиндрдің осьтік қимасының ауданы 1 $см^2$-ге тең. Цилиндрдің бүйір бетінің ауданын табыңдар.
47. Дұрыс үшбұрышты призмаға іштей сызылған цилиндрдің бүйір бетінің ауданы 6 $см^2$-ге тең. Осы призмаға сырттай сызылған цилиндрдің бүйір бетінің ауданын табыңдар.
48. Дұрыс тетраэдрдің биіктігі 4 см-ге тең. Осы тетраэдрге сырттай сызылған шар бетінің ауданын табыңдар.
49. Дұрыс тетраэдрге сырттай сызылған шар бетінің ауданы 9 $см^2$-ге тең. Осы тетраэдрге іштей сызылған шар бетінің ауданын табыңдар.
50. Шарға сырттай сызылған цилиндр бетінің ауданы 9 $см^2$-ге тең. Шар бетінің ауданын табыңдар.
51. Тікбұрышты параллелепипедтің өлшемдерінің ұзындықтары 2 см, 4 см және 6 см-ге тең. Осы параллелепипедке сырттай сызылған шар бетінің ауданын табыңдар.
52. Кубқа сырттай сызылған шар бетінің ауданы осы кубқа іштей сызылған шар бетінің ауданынан неше есе үлкен болады?

АЙНАЛУ ДЕНЕЛЕРІ

Көпбұрыштардың айналуы

A

1. ABC тікбұрышты үшбұрышының катеттері $AC = BC = 1$ см. Осы үшбұрышты AC катеті жатқан түзуден айналдырғанда пайда болған дененің көлемі мен бетінің ауданын табыңдар.

2. ABC тікбұрышты үшбұрышының катеттері $AC = BC = 1$ см. Осы үшбұрышты CH биіктігі жатқан түзуден айналдырғанда пайда болған дененің көлемі мен бетінің ауданын табыңдар.
3. ABC теңқабырғалы үшбұрышының қабырғасы 1 см-ге тең. Осы үшбұрышты CH биіктігі жатқан түзуден айналдырғанда пайда болған дененің көлемі мен бетінің ауданын табыңдар.
4. ABC теңбүйірлі үшбұрышында $AC = BC = 1$, $\angle C = 120^\circ$, CH — биіктігі. Осы үшбұрышты CH биіктігі жатқан түзуден айналдырғанда пайда болған дененің көлемі мен бетінің ауданын табыңдар.
